



ТҮЙТКІЛ

ОРАЛДА

Жайық өңірінде жедел жәрдемнен маза қашты. Адам жанына араша түсетіндердің өздері көмекке зәру. Жалақының кешігуіне байланысты шу шығарды. Жыл басынан бері бұл мекемені міндетті медициналық сақтандыру қоры (МӘМС) қаржыландырып келіпті.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші, түйткіл осы қор қызметінен басталған. Қор айлық бермек түгілі, жедел жәрдем қызметін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді де доғарыпты. Ал алғашқы көмек көрсететін ақ халаттылар науқас адамға құр қол барып, жылы сөзбен жұбатуға мәжбүр.

ДӘРІГЕР

ЖАЛАҚЫСЫЗ ЖҮР

Жалақысы жырымдалып, алған айлығының берекесі қашқан көпшіліктің шыдамы бір-ақ күнде таусылды. Фельдшерлер мен көлік жүргізушілер БАҚ өкілдерін шақырып, талап-тілегін жеткізді. КТК телеарнасына базинасын білдірген Орал қалалық жедел жәрдем стансасының фельдшері Наталья Доскалиева сабыр мен шыдамының сарқылғанын айтады. Ол «Бүгін айдың оныншы күні. Әлі жалақы түскен жоқ. «Жуырда 20 пайыз ғана аласындар, қалғанын оны күні береміз» — деп отыр. Сонда біз қалай күн көруіміз керек? Жұмысқа немен жетеміз? Балаларымызды мектепке қалай жібереміз? Коммуналдық төлемді қалай төлейміз?» — деп ашу-ызасын жайып салды. Ол аздай, жиналғандар қосымша үстемеақының мүлдем қысқарғанын көлденең тартты. Дәрігерлер еңбек демалысына тиын-тебенсіз шығыпты. Тіпті мұндай жағдайда басың ауырып, балтырың

сыздаса, көк тиынсыз қаласың. Ал жуырда өткен қысқартудан кейін кезекшілікке шығатын 16 жедел жәрдем тобының жұмысы екі есе көбейді. Бұл орталық бензин беретін мекемелерге де қарызға белшеден батқан.

Ал аймақтағы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Канат Төсекбаев даудан басын алып қашып, мәселені шешу өз құзырына жатпайтынын білдірді. Ол «Бұл сұрақ бізге қатысты емес. МӘМС-пен бірге жұмыс істеп жатырмыз. Ақшаның бәрі сол қорда. Денсаулық сақтау басқармасының шотына түспейді. Ол министрлікке де байланысты емес. Тіпті бізге де қарамайды» — деп ақталады.

Екі жақтың текетіресі ұзаққа созылды. Айтқыс-тартыстың соңына қарай, міндетті медициналық сақтандыру қоры бір-екі күнде мәселені шешуге уәде берді. Сөзінде тұра ма?..

Жарас ШӨКЕ

ЖАЙБАСАРЛАР ЖАРЫСЫ

ҚҰРҒАҚ ҮӘДЕ ЖЫЛУ БОЛА МА?!

Соңғы жылдары Көкшетауда күйіп тұрған тақырыптың бірі – көмір. 150 мың халқы бар облыс орталығының отыз пайыздан астамы қатты отынды пайдаланады. Жалғыз Көкшетау қаласы ғана емес, иектей қонған, жағалай жайғасқан Зеренді ауданының тұрғындары да облыс орталығындағы көмір базаларының тас жабылған қақпаларын күзетуде. Қашан ашылатынын көмір іздей барғандар түгілі сататындардың өздері де білмейді. Білетіндердің айтуына қарағанда, қыркүйектің орта шенінде бірер вагон жеткізілген екен. Қыстың жайын жаз ойлайтындар пышақ үстінде бөліп алған.

(Жалғасы 6-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Осы аптада үкіметте білім саласына қатысты бірқатар мәселе талқыланды. Сала басшылары электронды күнделік, мектептерді бейнебақылау камераларымен жабдықтауға қатысты қолға алынған жұмыстармен таныстырды. Дегенмен қордаланған түйткіл әлі де көп. Әсіресе, білім ордаларындағы тамақтандыру, оқулықпен қамту мәселесінде ел-жұрттың арасын да түрлі сын-пікірлер әлі айтылуда. Осыған орай, білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиеваға бірер сауал қойған болатынбыз.



Эльмира СУХАНБЕРДИЕВА:
білім және ғылым вице-министрі:

ТАМАҚТАНДЫРУҒА ӘКІМДІК ЖАУАПТЫ

Jas qazaq: Эльмира Амангелдіқызы, Үкімет отырысында мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау камераларымен қамту мәселесі талқыланды. Еліміздегі білім ордалары толығымен қашан жабдыкталады?

Э.Суханбердиева: Қауіпсіздік пен білім сапасы бәрінен де маңызды. Қазіргі уақытта Қазақстан мектептері мен балабақшаларының 80 пайызы бейнебақылау камераларымен жабдыкталған. Республика бойынша бейнекамералармен қамтамасыз етуде Атырау облысы (87%) көш бастап тұр. Павлодар, СКО, Қарағанды облыстары да алдыңғы қатарда. Шымкент қаласы мен Қызылорда облысында да бейнекамералармен жабдыкталған мектептер өте аз. Министрлік кейбір өңірлерге үш жыл уақыт берді. Жабдықтау жұмыстары бойынша әкімдіктер тікелей жауап береді. Үш жылда Қазақстанның барлық мектептері мен балабақшалары бейнебақылау камераларымен 100 пайыз жабдықтаулы тиіс.

Jas qazaq: Жақында сайттардың біріне мектептердегі тамақтандыруға ата-аналардың көңілі толмайтыны туралы айтылды. Қоғам белсенділері тексеру жүргізіп, кейбір кемшіліктерді анықтапты. Мәселен, талап бойынша 150 г ет берілуі қажет болса, шындығында 50 г ет салынады екен. Алматы мен Астана қаласында, Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Алматы облыстарында оқушыларда А, С, В1 дәрумендерінің жетіспеуіні анықталған. Бұған қатысты не айтасыз?

Э.Суханбердиева: Шындығында тамақтануға жергілікті әкімдіктер жауапты. Тікелей қатысымыз жоқ. Дегенмен мен бей-жай қарамаймын бұл мәселеге. Күн сайын бұқаралық ақпарат құралдарына шолу жасап, қарап отырамын. Сондықтан бұл сұраққа қатысты ақпараттарды анықтайын. Ал белсенді, ұрпақ тәрбиесіне аса көңіл бөліп жүрген ата-аналарға ризашылығымызды білдіреміз.

Jas qazaq: Сондай-ақ редакциямызға оқырмандардан оқулық жетіспей жатыр деген шағымдар келуде. Астанадағы №72 мектепте бірінші сынып оқушыларына оқулықтар енді ғана таратылып жатыр екен. Бұған дейін министрлік оқулықтармен толық қамтылады деп мәлімдеген жоқ па еді?

Э.Суханбердиева: Оқулық жайы оқу жылының басында да көтеріліп, көп талқыланды. Кітаппен қамту мәселесіне де ең алдымен жергілікті атқарушы орган жауап береді. Бізге Астана әкімдігі «100 пайыз дайынбыз» деген ақпарат берген. Мен өзіме жазып алып, №72 мектептегі жайтты қолға алайын. Қарастырамыз. Тағы бір мәселе бар. Мысалы, биыл 20 мың бала бірінші сыныпқа барады деп жоспарланды. Бірақ көші-қон бар. Одан кейін біреулер 6 жастан беремін, 7 жастан беремін деп екі ойлы болып жүреді. Оқу жылы басталған соң мектепке алып келеді. Осы мәселелермен кейбір мектептерде жетіспеушілік туындап жатады. Алдағы уақытта назарда ұстайтын боламыз.

Сұхбаттасқан Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

ҚОЛДАҒЫ АЛТЫН

АЛАКӨЛІМ-АЙ, АЛАҢ КӨҢІЛДІ-АЙ!



Фото: almatyregion-tour.kz

(Жалғасы 6-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
81,51

DOLLAR
372

EURO
429,92

РУБЛЬ
5,57

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Алғаны
дорба емес,
арба болды

(Жалғасы
2-бетте)

DIALOG

Бұл жетіде еліміздің бас қаласы – Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезі өтті. Кезекті басқосуға 46 елден барлық әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдері, беделді діни лидерлер, саяси қайраткерлер мен халықаралық ұйым өкілдерінен құралған 82 делегация келді. Съездің мәртебелі мейманы – Сербия Республикасының президенті Александр Вучич. Бұл жолғы жиынның басты тақырыбы «Діни лидерлер қауіпсіз әлем үшін» деп аталды.



ең қауіптісі, адамдардың ой-санасы мен жүрегінде бір-бірімен араздық сезімі күшейіп келеді. Көп күш-жігер ынтымақтастықтың негізін қалауға емес, бәсеке үшін сылтау іздеуге, халықтың өсіп-өркендеуіне жол ашатын бірлескен жобаларға емес, бірін-бірі қырып-жоятын құрал жасауға бағытталып отыр, — деп ой түйді.

Мемлекет басшысы әлемде қалыптасқан жағдайдың адамзат үшін жағымсыз салдары болатынына назар аударды. Н.Назарбаев «Технологияның қарыштап дамуына, жалпыәлемдік байлықтың

18 түрлі конфессияның 3,5 мыңнан астам діни субъектілері тіркелгенін атап өтті. Осыншама алуан түрлілікке қарамастан, Қазақстанда ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дін бостандығын қорғаудың тепе-теңдігі сақталды. Елбасы «Біз елімізде конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің көпшілік мойындаған ерекше қазақстандық моделін қалыптастыра алдық. Қазақстан тәжірибесін әлемдік ауқымда да толық қолдануға болады деп сенемін, — деді.

Нұрсұлтан Назарбаев сенімнің жаһандық дағдарысын еңсеру үшін күш біріктірудің маңыздылығын атап өтіп, съезге қатысушылардың бірлескен жұмысының жекелеген бағыттарына тоқталды. Қазақстан

тоқталды. Мемлекет басшысы осыған орай, «Білім мен ғылымға жаппай ұмтылмай, кедейшілік пен қайыршылықты жену мүмкін емес. Тек білім ғана радикализм идеяларының бүкіл көріністеріне қарсы орнықты иммунитет қалыптастырудың негізі болып саналады. Бұл тұрғыда діни білімнің де маңызы орасан зор. Қазір оның платформасын әртүрлі жалған діни ұйымдар белсенді пайдалануда. Сондықтан, әлемдік және дәстүрлі діндер діни құндылықтарды саяси идеологемалардан ажырату жөніндегі жұмыстарды атқара алар еді, — деді.

Н.Назарбаев әлемдік және дәстүрлі діндердің барлық көшбасшыларын еліміздің ядролық

ЖАҢАҢДЫҚ СЕНІМ ДАҒДАРЫСЫН ЕҢСЕРУ ҚАЖЕТ

Президент Нұрсұлтан Назарбаев съездге қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Қазақстанның осы шараны өткізу жөніндегі бастамасына қолдау көрсетіп, оған атсалысып келе жатқан дін көшбасшыларына, халықаралық ұйымдар өкілдеріне, саясаткерлер мен сарапшыларға зор ризашылығын білдірді.

Елбасы өз сөзінде «Алғашқы тарихи съезден бері 15 жыл уақыт өтті. Бүгін біз алтыншы рет бас қосып отырмыз. Мен өткен жиындарға қатысқан ескі достарымызбен қайта қауышқанмызға өте қуаныштымын. Астанаға алғаш рет келгендерге ризашылық білдіремін. Біздің Елордамыз биыл өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі Елордамыздың бойтұмарына айналды деуге болады. Себебі біз Астананы барлық мәдениеттер үшін ашық әрі болашақтың еуразиялық қаласы ретінде салдық, — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы бітімгершілік, серіктестік, толеранттылық, жасампаздық идеяларын жаһандық деңгейде ілгерілету жолындағы Қазақстанның күш-жігері мен Елорданың рөлі жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы өркениеттің келешегі күллі дүниені аландатын проблема екеніне тоқталды. Президент бұл ретте «Ғылыми-технологиялық прогрестің дамуы барысында өркениетаралық қақтығыстардың жөңсіздігі айқын көрінеді. Дәл қазір болашақ адамзаттың бет-бейнесі қалыптасуда. Келер ұрпаққа ортақ планетамызды

қандай күйде тапсыра аламыз — өркениетіміздің басты проблемасы осы. Біздің үшінші мыңжылдықта өмір сүріп жатқанымызға 18 жыл болды. Алайда бейбітшілік, бәке-береке мен молшылық адамзат

артуына қарамастан, әлеуметтік кеселдің ауқымы арта түсуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметіне сәйкес, жер шары халқының 14 пайызы аштықтың азабын тартып отыр. Жұмыссыздардың жалпы

Президенті бұл ретте «Ақпараттық қоғам дәуірінде біз бейбітшілік пен келісім идеясын жаһандық деңгейде ілгерілету үшін жаңа технологиялардың барлық артықшылығын пайдалануымыз

қарусыз әлем құру үшін ұсынған іс-қимылдарын қолдауға шақырды.

«Қазақстан алдағы уақытта да бар күш-жігерін өмірлік және жаһандық қауіпсіздікке қатысты мәселелерді шешуге жұмылдыра береді. Айтылған



дамуының негізгі үрдісіне айнала алмады. Әлемдік қоғамдастық өзара сенімсіздіктің, жек көрушілік пен қақтығыстың иірімінен шыға алмай келеді, — деді.

Жиында, сондай-ақ геосаяси шиеленістің және санкциялық текетірестің өршіп келе жатқаны да айтылды. Елбасы осыған орай «Елдер, геосаяси блоктар арасында жана дуалдар мен «темір перделі» кедергілер бой көтеруде. Бірақ

саны 190 миллион адамнан асты. Бұл радикализмнің өріс алуына негіз болатын әлеуметтік теңсіздікті күшейте түседі. Сондықтан, қауіпсіз әрі әділетті әлем қалыптастыру негізгі мәселе болып саналады, — деді.

Елбасы түрлі мәдениет, дін және мемлекет көшбасшылары арасында өзара сыйластық, сындарлы ынтымақтастық идеяларын нығайту ісіндегі Қазақстанның тәжірибесі жөнінде баяндады. Президент елімізде

қажет. Сол үшін Съезіміздің базасында Ақпараттық портал құру ұсынылып отыр» — деп атап өтті.

Жиында Елбасы әлемдік қоғамдастықты бейбітшілік пен қауіпсіздікке шақыру жөнінде рухани көшбасшыларға ұсыныс білдірді.

Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев білім мен ағартушылықты насихаттаудың маңызды екенін, сондай-ақ білім алудың қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажеттігіне

бастамаларды бірлесе жүзеге асыру үшін Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөнінде орталық құруға дайынмын» — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін берілетін съездің бірінші сыйлығын Ватикан Папасының кеңесіне табыстау жөнінде шешім қабылданғанын хабарлады.

(Өз тілшіміз)

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

2

млрд теңге. Қостанайда үнемделген бюджет қаржысы

26

Алматы облысында келесі жылы салынатын мектеп саны

12

тонна балықты Шығыс Қазақстанда браконьерлер заңсыз аулаған

19

млрд теңге. Тұрғындардың көлік салығы бойынша қарызы

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Қазақстан
Премьер-Министрі:

– Оқытудың жаңа мазмұны, оқушыларды бағалау мәселесі, электронды журналдар, төменгі сыныптағы балалардың сөмкесінің салмағы ауырлап кетті деген секілді көптеген сауал шығып жатыр. Бұл мәселелер қашан шешімін табады?

Сауалы

Аптаның

Жауабы

Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым
министрі:

– Сөмке бойынша, биыл алғаш рет оқулықтардың қандай қағаздан жасалатыны жөнінде талап (норма) енгіздік. Қағаз оқулықтарды 50-60 жыл бойы балалар тасып жүр. Біз де оны тасып жүргенбіз. Оқулықтардың қандай қағазбен басылатынын, форматы, үлкендігі қандай деген секілді стандарттарды алғаш рет енгізіп отырмыз. Ол биыл шығатын оқулықтарға қатысты. Енді 5-6 жылдың ішінде барлық оқулықтарға енгізіледі.



АПТАНЫҢ ЕСКЕРТУІ

Алик ШПЕКБАЕВ, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы:

«Тағы да еске саламын, қызмет міндетін орындағаны үшін мемлекеттік қызметкерге қандай да бір сыйлық беруге тыйым салынған. Егер де сыйлықтың құны 2 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК – 2405 теңге) төмен болса, сыйлық берушіге 200 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Алушы 600 АЕК көлемінде айыппұл төлейді. Сыйлықтың бағасы одан жоғары болса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады».



Қызықтар

Қазір ештеңеге таң қалмайтын болдық. Бұрын «өкілі ұры» деген теңеу тек ер адамға қатысты айтылушы еді. Қазір ұрлық жасаудан нәзік жандылар да қалыспайтын болыпты.

Астаналық 24 жасар бойжеткен сәбидің арбасын (коляска) ұрлаумен айналысқан. Тіпті ойдағысын жүзеге асыру үшін, емханаға арбамен келетін аналарды аңдыған. Аурухана дәлізінде қараусыз қалған арбаларды зырылдатып әкетіп отырған. Анау-мынауын емес, қымбатын қолды етеді. Онымен қоймай, жақындарына тарту еткен. Астана қаласы ІІД баспасөз өкілдері мәлімдегендей, ұры бикештің 4 арбаны ұрлағаны әшкереленді. Жоғалған арбалар иесіне қайтарылып, қыздың басқа да қылмысқа қатысы бар-жоғы тексеріліп жатыр.



7 сөз

Шетелдік мұнай компанияларын басқаруға отандастарымыз көптеп тартылмақ

дөп

ДӨП – дәл өзекті пікірсайыс алаңы. Бұл Jas qazaq пен КТК телеарнасының бірлескен жобасы. Бүгінгі тақырып дін атын жамылып, Сирияға кеткен қандастарымыз жайында. Журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы мен Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының директоры Айнұр Әбдірәсілқызы өзекті мәселені талқылайды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Айнұр Әбдірасылқызы, қазақы қоғамда өскен қазақ азаматтары сонау Сирияға кетіп жатыр. Сонда олар кім үшін соғысып жатыр? Жалпы мұндай оқиғалардың алдын алу мүмкін бе?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Мүмкін. Бірақ бұл өте күрделі үдеріс болады.

идеологиялық үгіт-насихаттың белгілі бір деңгейдегі адамдардың психологиялық әсер етуінің салдарынан ғана кетіп жатыр деп ойлайсыз ба, әлде мұның астарында қаржылық мүмкіндік те бар ма? Өйткені кейбір әлеуметтік жағдайы осал топтағы адамдар бұған тез еріп кетуі мүмкін ғой?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Әрине, радикалды шаралардың ар жағында үлкен саяси мүдде тұрғандықтан, оның арғы жағында үлкен қаржы тұр. Мұндай жұмыс тек үлкен қаржыға ғана сүйеніп жасалады. Айта кету керек, бұл Қазақстан үшін арнайы жасалып отырған жоба емес. Бұл бүкіл әлемде жүзеге асып жатқан жоба. Бұл жерде ең көп құрбандыққа шалынатындар да ең төменгі топтағылар, яғни жауынгерлер. Сол идеяға қызмет етіп жүрген, соған сеніп жүргендер.

Айнұр Әбдірәсілқызы: Дін саласындағы жұмыстардың ең қиыны, нәтижесі азырақ болатыны ол дәл осы радикалды ағымға кірген адамды кері қайтару. 100 пайыздық нәтижеге жету мүмкін емес. Қай істе болсын, 100 пайыздық нәтиже бола бермейді. Біздің орталық арқылы осыған дейінгі іс-әрекеттеріміз, сонғы 5 жылда атқарған жұмыстарымыздың бірі — радикалды ағымға кеткендердің 25 пайызы райынан қайтарылды. Өзіміз жұмыс жүргізген 342 әйелдің ішінде де 24,6 пайызы алғашқы кездесулердің өзінде алған бетінен қайтты. Олардың арасында белгілі бір радикалды ағымды ұстанғандарға тұрмысқа шығып, зорлық-зомбылық көріп, таза діни жолды ұстанбай жүргендері де әңгіме арасында белгілі болды. Осындай жағдайды басынан өткергендердің райынан қайтуы тезірек. Біз жұмыс істеген топтың 16 пайызы «мен бұл ағымның дұрыс емес екенін білемін, сеземін. Бірақ біз күйеуімізге толық бағынуымыз керек, біз жолдасымыздың айтқанынан

шығып кете алмаймыз. Ол асыраушымыз, үйге табыс әкелетін жалғыз адам. Егер жолдасым райынан қайтар болса, мен де қуана-қуана қайтар едім» деп ағынан жарылды. Қалған 59 пайызы өздерінің жолдастары арқылы осы ағымға келген. Осы жолдың дұрыстығына сенген. Өйткені олардың көп жағдайда не діни, не құқықтық сауаты жоқ. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің психолог мамандары Қазақстанда лаңкестік әрекетке барғандардың психологиялық портретін жасады. Лаңкестік әрекетті ұйымдастыруға ең алдымен билікқұмарлар баралы екен. Екінші кезекте — пайдакүнемдер, яғни діннің камын емес, мүддесін ойлағандар. Үшінші кезекте әсіре діншілдер осындай әрекетке ұрынатын көрінеді. Қазақстанда лаңкестік жасаумен айналысқан адамдардың ішінде 61 пайызы — бұрын маскүнемдікке салынғандар. Олардың ішінде 27 пайызы — есірткіге елтігендер. 43 пайызы — құмар ойынымен ойнағандар. 32 пайызы — бұрын сотталғандар, яғни қандай да бір қылмысы үшін



Мемлекет үшін азаматының саулығы, оның қадір-қасиетінің қалпына келуі деген мәселелер тұрғанда, көптеген шығындарға баруға тура келеді. Қаржылай шығын болсын, адами ресурс шығыны болсын, бәріне көну керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сирияға кетуге бел байлаған осындай топтар зерттелді ме?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Егер бұл топтар зерттелмеген болса, осыншама жұмыс істелмеген болар еді. Былтыр, мысалы, «20 мыңдай адам дәстүрлі ағымның жетегінде жүр» деген ақпарат айтылды. Егер ол адамдар зерттелмесе, әлгі 20 мың адам Сириядан бір-ақ шыққан болар еді. Егер сол топтардың шығуы зерттелмесе, біз қиындықтарға тап болар едік. Соғысу үшін Сирия аспак болған қаншама адамға шекарадан тосқауыл қойылып, кері қайтарылды. Осының барлығы алдын ала зерттеліп, жүргізілген жұмыстардың нәтижесі. Қаншама адам отбасынан ұзамай-ақ кері қайтарылды. Олармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әрине, мұның барлығы айтыла бермейді. «Ұсталмаған ұры емес» демекші, ол адамдар қылмыс істеген жоқ. Біз олардың алдын алдық. Сондықтан жарияланбайды. Ебін тауып, сытылып кеткендерге келсек, көбі елден турист ретінде шықты. Бір бөлігі оқуға түсу мақсатында кетеді. Нақты Сирияға емес басқа мемлекеттер арқылы кетіп жатады. Мұндай жағдайда, әрине, кез келген мемлекеттің бақылауынан сытылып кете алады. Өйткені адам құқығы деген бар. Мемлекет оған жөн-жосықсыз тосқауыл қоя алмайды ғой.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Сол жаққа кетіп жатқан азаматтар

ҚАНДАЙ?

Шынымен де діннің тазасы осы екен деп алданып, арбалып жүрген адамдар. Басты құрбандық осылар. **Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Өзіңіз басқаратын орталық радикалды ағымдардың астыртын әрекетіне қаншалықты тосқауыл қойып жатыр? Мұндай орталықтардың тиімділігі қандай?

Айнұр Әбдірәсілқызы: Оналту жұмысы біздің орталықтың қызметіне жатпайды. Дегенмен біз ақпараттық жұмыс жүргізу барысында өзімізді шақырған тұлғалардың өтініші бойынша немесе үлкен жобалар аясында қызмет етеміз. Сонымен қатар, өзіміздің орталықтың бастамасы ретінде ішінара осы тектес оналту жұмыстарымен айналысамыз. Өйткені оның теориясын жасап отырған біздің орталық. Оның теориясын жасау үшін, әрине, нақты тәжірибесі болуы керек. Бір ғана жолын айтайын. 2016 жылы Ақтөбеде өткен терроризмнің алдын алу жобасы аясында біз осы радикализмге еліктеген 342 әйелмен және 90-ден астам ер-азаматпен жұмыс жүргіздік. Бір айға созылған жұмыс барысында олардың психологиялық, теологиялық портреттері жасалды.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Осы радикализмге еріп кеткен адамдарды райынан қайтару мүмкін бе?

түрмеде болғандар. Бұл жоғарыда айтылғандай, 100 пайыз көрсеткіш емес. Өйткені бір адам ішімдікке де, есірткіге де салынған болуы мүмкін. Сондай-ақ басым бөлігінің 52 пайызының жай-күйі, үйі болмаған. 84 пайызының діни білімі мүлде жоқ. 16 пайызының ғана шала діни білімі бар. Біздің елдегі лаңкестің әлеуметтік-психологиялық портреті, міне, осындай.



Фото: Internet

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Өлді деуге сыя ма?..



ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖЕБЕСІ ЕДІ...

Бір кем дүние. Өмірден қазақтың қайсар ұлы, Қазақстан Халық жазушысы Шерхан Мұртаза өтті. Алапат ашаршылық жайлаған 1932 жылы өмірге келген қазақтың қайраткер ұлы 87 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Мылтықсыз майданның батыры Шерхан Мұртаза көркем шығармаларымен ғана емес, шыншыл, турашыл, батыл мінезімен қазақтың сүйікті перзенті болды. Халқы үшін қызмет қылған ерлердің бірі, бірегейі еді. Оның ұлт пен ұрпақ, ел мен жер тағдыры туралы айтқан сөзі бүгінде қанатты сөзге айналды. «Жыланда ғана айыр тіл болады», «Жерді сатқаның — Анадны сатқаның!» — деп, намысты ту еткен қара сөздің қызыл жебесі еді.

Артынан аңыз ерген тау тұлғаның қаламынан әр жылдары «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдары, «41 жылғы келіншек», «Қара маржан», «Мылтықсыз майдан» секілді әңгіме-повестер туды. «Бір кем дүние» сияқты кітаптары оқырман арасында қызу талқыға түскен.

Бір өзі бір дәуірдің ақ алмас қылышындай жарқ еткен Шерағанның қазақ журналистикасына қосқан еңбегі ұшан-теңіз. «Лениншіл жас» (*қазіргі «Жас Алаш»*) газетінің, «Социалистік Қазақстан» (*қазіргі «Егемен Қазақстан»*) газетінің тілшісі болып бастап, Бас редакторлыққа дейін көтерілді. Әр жылдары «Жұлдыз» журналы, «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жазушы», «Жалын» баспасында Бас редактор, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма хатшысы, Мемлекеттік телерадио корпорациясының төрағасы, Мәжіліс депутаты сияқты жауапты қызметтерді абыроймен атқарды.

Шерағанның шекпенінен шыққандар, қаламгердің өз сөзімен айтқанда, «алтын арқалап, жантақ жеп жүргендер» рухани ұстазының мейір-шапағатын көп көрді. Оның өзі бір аңыз.

Шерхан Мұртазамен бірге бір дәуір керуені көшіп кеткендей. Оның қаламдас-әріптестерінің лебізі бүл.

Шераған «Жас казак» газетіне бірнеше рет сұхбат берді. Қоғам, әдебиет, журналистика төңірегінде ой тастап, пікір білдіріп отырды. Ел мен жер, тіл мен діл, ұлт пен ұрпақ тағдыры хақында салмақты сөз айтты.

Бақұл болыңыз, Шераға!

ЖАРҚЫРАП ШЫҚҚАН КҮН ЕДІ

Шерхан Мұртаза белгілі бір дәуірде оқшау тұрған, замандастарынан биік тұрған тұлға. Мен ол кісімен «Жалын» альманағы мен «Жұлдыз» журналында қоластында бірге істедім. Бір кабинетте отырып, жұмыс жасалдық. Жұртпен қалай сөйлесетінін, елді қалай басқаратынын, пікірді қалай айтатынын көріп, куә болдым. Әншейінде ашыла бермейді, ашылған кезде жарқырап шыққан күн сияқты. Төңірегіндегі адамдармен сөйлесуі сондай бір жайбарақат, таңғалатын жағдай. Қызметтегі Шерхан басқа да, өзінің інілерінің, замандастарының ортасындағы ашық-жарқын отырған Шерхан бір басқа сияқты болып көрінетін...

Бір күні жұмысқа Шерағанның өлең де, проза да жазатын жерлесі келді. Повесть жазып келген екен. Мен жаратпадым. Ол кезде біз альманахта басшылардың бәрі бір кабинетте отыратынбыз. Анау ағамыз бұркылдап Шерағана барды. Өздері жерлес, ар жағы қазақша айтқанда рулас адамдар. Шераған ол кісіні үндемей тыңдады да, «Біз бөлім бастығы не айтса, соны тыңдаймыз. Оның айтқаны біз үшін сөз» деп мені қорғады. Әлгі ағамыз шықты да, кетіп қалды. Содан бері мен мұндай әділ басшы көрген емеспін. Көп сөйлемейді, шешімді адам еді. Туғанына да, туысқанына да тартпайды. Өз қызметкерлерін үнемі қоллап отырады. Өте әділ кісі еді. Дәл осы Шөкендей адамды көрген емеспін, ұқсайтын адам да көрмедім. Жок.

Бексұлтан НҮРЖЕКЕЕВ,
жазушы

ҚОШ, АҢЫЗДЫҢ АҚЫРҒЫ ТҰЯҒЫ!

Ол шын мәнінде, ұлттың жоғын жоқтап, ұлыстың намыс-жігерін қалыптастыру үшін Алаш ойлы, Алаш тұлғалы кеңістікке еркін көтерілген сиректеріміздің бірі, бірегейі болатын. Шераған қашанда мылтықсыз майданда күн кешкен қаһарман. Ұлттың келешегі, қазақ тілінің талайлы тағдыры, ұлан-байтақтың болашағы үшін күрескен тау Тұлға. Қаламгерлік ғұмыры таусылмайтын айқас, күрес майданына айналған жан.

Шерхан аға маған кейде ақ боз атқа шірене қонып, қолына ақ найзасын ұстап, беліне ай қылышын байлап, дала төсін тіліп келе жатқан баяғының батырларын елестетуші еді. Ол кісінің әрбір айтқаны, әр сөзі оқырманына қамшы болатын.

Шераған шын мәнінде өзінің анызы мен ақиқаты арқылы көпғасырлық тарихымыздағы ұлыларымыздың санатын байытқан XX ғасыр мен XXI ғасырдың өліара кезеңіндегі ірілеріміздің бірі еді. Көшің баянды болсын, аға! Қош, аңыздың ақырғы тұяғы!

Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері



Жанармай нарығы

Көпшілік үшін «жанармайдың артығын сыртқа сатамыз» деген жаңалық тым тосын естілуі мүмкін. «Қайдағы артық? Өзімізге жетпей қалмасын!» дейді жолаушыны торитын қайсыбір таксист. Дегенмен таң қалатын ештеңе жоқ. Энергетика министрі Қанат Бозымбаев таяу арада отандық мұнай өнімдері экспортқа шығарылатынын жария етті.

(МӨЗ) қазіргі өндіріс қарқынымен күзде бензин қоры 600 мың тоннаға жетеді. Сол кезде оны құятын орын болмайды» деген еді.

МӨЗ-дің біреуі жөндеуге жабылғанда да жанармай тапшылығы туындайтыны жұрттың есінде. Осыны ескеріп, зауытта жөндеу жұмыстарының мерзімі бұрынғы 45 күннен 20 күнге азайтылды. Министрдің айтуынша, бұл да өндірілетін өнім көлемін жылына 300 мың тоннаға көбейтуге мүмкіндік береді.

Әлбетте, ішкі нарықтың сұранысы өтелген соң, экспорт мәселесі кесе-көлденен шығады. Әйтсе де, бұл жоспарды жүзеге

экспортын реттеуге мүмкіндік береді. Ендігі кезде еліміз жанармай нарығындағы ахуалға қарай, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлеріне катысты экспорт немесе импортты шектеу туралы шұғыл шешім қабылдай алады.

Дегенмен бұл Ресей жанармайынан мүлде бас тарту дегенді білдірмейді. Алда-жалда үш МӨЗ-дің бірінде апат бола қалған жағдайда, ішкі нарықта жанармай тапшылығына жол бермеу үшін бұл бағытты да мүлдем жауып тастауға болмайды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының мұнай тасымалдау, қайта өңдеу және маркетинг басқармасы төрағасының орынбасары Данияр Тисовтың айтуынша, еліміз жыл соңына дейін 300-400 мың тоннаға дейін, ал келесі жылы 1,2 млн тонна бензин экспорттай алады. Жоспар бойынша, бірінші кезекте Қырғызстанға сатылуы тиіс. Қолдағы бар мәліметке сенсек, қырғыз ағайын айына

ЕНДІГІ БАҒЫТ – ЭКСПОРТ

Елдегі үш мұнай өңдеу зауытында (Павлодар, Атырау, Шымкент) модернизация аяқталғаннан кейін ішкі сұраныс толығымен өтелетін жағдайға жеттік. Жыл сайын көктем мен күзде



қайталанатын бензин тапшылығы биыл байқалған жоқ. Керісінше, өндірілген өнім сұраныстан асып түсті. Тамыз айында Ресейден теміржол арқылы жанармай әкелуге тыйым салынғаны да содан. Мұндай шешім елде бензин профициті (*артық өнім*) орын алғаннан кейін қабылданды. Ресеймен келісім бойынша, Еуразия экономикалық одағы (ЕАЭО) шеңберінде еліміз мұнай өнімдері импортына оқта-текте осылай шектеу қою құқығына ие.

Жазда Орталық Азияға жанармай экспорттау туралы келісім жасалатыны белгілі болды. Сол кезде энергетика министрі Қанат Бозымбаев «Бензиннің бір бөлігін экспорттауымыз керек. Себебі біздегі мұнай өңдеу зауыттарының

асыруға бір кедергі бар еді. Ресеймен арадағы келісім бойынша (2010 жылғы), еліміз сыртқа бензин экспорттай алмайды. Бұл терістік көршімізден сатып алған бензинді қайта экспорттауға (*резкспорт*) жол бермеу үшін жасалған қадам. Сондықтан жаздан бері энергетика министрлігі осы бағытта жұмыс жүргізді. Ақырында қазан айының басында мұнай және мұнай өнімдері саласында Ресеймен арадағы келісімге өзгерту енгізілді. Осы құжатқа сәйкес, ТМД мемлекеттеріне Қазақстаннан бензин экспорттауға салынған тыйым өз күшін жояды.

Құжатқа енгізілген өзгерістер Ресейден елімізге мұнай өнімдерін әкелуге және ЕАЭО аумағынан тыс мемлекеттерге мұнай өнімдері

50-60 мың тонна бензин сатып алуға дайын. Одан кейінгі кезекте Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан тұр. Тіпті кейбір ресейлік компаниялар да сатып алуға құлшыныс білдіріп отыр. Айтпақшы, биылғы бірінші жартыжылдықтың өзінде терістік көршімізге 1,3 мың тонна бензин (651 000 доллар) сатылды. Соның басым бөлігі, яғни 1,23 мың тоннасы маусым айының үлесінде. Осыған қарап, кейбір отандық сарапшылар мұнай өнімдері сол жаққа көбірек экспортталып, ішкі нарықта қайтадан тапшылық орнауы мүмкін деген күдігін де жасырмайды. Бұл орайда Қанат Бозымбаев ішкі тұтырудан артық қалған өнім ғана сатылатынын кесіп айтты.

Гүлнар АХМЕТОВА

Ынтымақтастық

Қазақстан қор биржасы мен Мәскеу биржасы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Алматыда өткен ресми шараға Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев, Қазақстан қор биржасының басқарма төрайымы Алина Алдамбергін және Мәскеу биржасының басқарма төрағасы Александр Афанасьев қатысты.

Келісім бойынша Мәскеу биржасы KASE жарғылық капиталының 20 пайызын сатып алады. Бұл 2019 жылдың соңына дейін екі кезеңде жүзеге асырылады. Қос биржа ынтымақтастығының басты мақсаты — қазақстандық және ресейлік қатысушыларға, сондай-ақ инвесторларға екі елдің де қор нарығына өзара қолжетімділікті қамтамасыз ету; инфрақұрылым сенімділігін арттыру және орталық контрагент институтын дамыту арқылы нарық тәуекелін азайту; Мәскеу биржасының сауда-клиринг технологиялары мен сараптамасын пайдалана отырып, KASE нарығының тиімділігін, клирингін арттыру, тәуекелді басқару және жаңа биржа құралдарын құру; KASE-нің көпшілік нарыққа шығуына ықпал ету және

KASE-нің алғашқы акцияларын орналастыруда Мәскеу биржасының тәжірибесін пайдалану.

KASE МӘСКЕУ БИРЖАСЫН ТАРТТЫ

Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев бұл келісім Қазақстан мен Ресей қаржы нарығының мүмкіндігін кеңейтіп, өзара ықпалдастықты тереңдетудегі кезекті қадам боларына сенімді.

«Мәскеу биржасындағы жаңа ноу-хау Қазақстанда да жемісті жүзеге асады деп сенеміз. Ұлттық банк Қазақстан қор биржасымен бірлесіп отырып, біраз бастаманы жүзеге асырды. Біз Т+1 схемасымен валюта саудасына көштік. 1 қазаннан бастап Қазақстан қор биржасы валюта нарығында орталық агент атанды. Таяу арада Ұлттық банктің қысқа мерзімді ноталары мен қаржы министрлігінің мемлекеттік құнды қағаздарымен келісім жасауда Т+2 схемасына сүйенетін есепті енгіземіз. Орталық контрагент базасында біз валюта тәуекелін хеджерлеу (пайданы немесе бағаны сақтандыру үшін жасалған мерзімдік мәміле; акцияларды немесе бағасы өсуіне

қарай құны көтерілуге тиіс басқа да активтерді сатып алу жолымен өз капиталын инфляциялық сілкіністерден қорғау — *ред.*) тетіктерін дайындап жатырмыз», — деді Данияр Ақышев.

Өз кезегінде Мәскеу биржасының басқарма төрағасы Александр Афанасьев екі қордың арасындағы келісім Еуразия экономикалық одағын дамытудағы маңызды қадам екенін атап көрсетті. «Ресей мен Қазақстан қаржы нарығының инфрақұрылымын реттеуді жақындастыру біздің елдеріміздің эмитенттеріне бизнесті қаржыландыру үшін капиталды тиімдірек тартуға ықпал етеді. Сондай-ақ инвесторлардың өз қаржысын орналастыру мүмкіндігін кеңейтеді. Мәскеу биржасының жемісті тәжірибесі KASE-ні дамытуға ықпал етіп, Қазақстандағы ашық капитал нарығын алға бастыруға септігін тигізгі сөзсіз», — деді ол.

Қазақстан қор биржасының басқарма төрайымы Алина Алдамбергіннің пікірінше, қос биржаның ынтымақтастығы және MOEX сауда-клиринг жүйесін қолдану — кәсіби қатысушылар үшін отандық қор нарығын қолжетімді етудегі маңызды қадам. Бұл стратегиялық серіктестік бәсекелестікті арттырып, қор нарығының дамуына ықпал етуі тиіс.

(Өз тілшіміз)

Кесел

аумағына өнімін әкелуге тыйым салынды» деп хабарлады. Ал осы аптада қырғыз елі біздің елімізден жеткізілетін

ҚҰС ТҰМАУЫ ТІРКЕЛМЕСЕ ДЕ...



Шілде айында еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Ресейден тауық етін әкелуге уақытша шектеу қойған тұғын. Бұған себеп – Орлов, Ростов және Нижегород облыстарында құс тұмауының тіркелуі.

Сол себепті құс етінен басқа тірі тауық, инкубациялық жұмыртқа, құс шаруашылығында өндірілетін барлық өнім түрлерін (70°C жоғары термододеуден өтпеген), құсқа арналған жем мен жем қоспаларын, таксидермист өңдемеген аншылық олжаны да шекарадан өткізуге тыйым салынды. Аталған облыстарда құс тұмауы 20 шілдеде тіркелді. Шектеу туралы шешім 26 шілдеде жарияланды.

Жуырда ауыл шаруашылығы министрлігіне шектеу мерзімін әрмен қарай созуға тура келді. Өйткені Ресейдің ветеринарлық қызметі құс тұмауын ауыздықтай алмай отыр.

Министрліктің мәліметінше, Алтай өлкесі, Саха Республикасы (Якутия), Астрахань, Қалмақ Республикасы, Курск, Пензе, Самара, Орлов, Нижегород және Ростов облыстарындағы құс фабрикаларындағы құс тұмауына байланысты шектеу мерзімі ұзартылды.

Бұл орайда министрлік «Қазіргі кезде Кеден одағының ресейлік кәсіпорындар тізімінде құс өсіретін және құс етін өндіретін 55 кәсіпорын бар. Олардың бәріне Қазақстан Республикасының

құс және құс еті өнімдеріне шектеу қойды. Мұндай шешім қабылдауға Алматы облысындағы құс фабрикаларында құс тұмауы, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысындағы Елецк және Айыртау аудандарындағы құстарда «Ньюкасл» кеселінің пайда болыпты деген күдік негіз болған көрінеді. Сондықтан аталған облыстардан құс еті мен жоғарыда аталған өнімдерді Қырғызстанға әкеп сатуға уақытша тыйым салынды.

Қырғызстанның бас ветеринары Қалыс Жұмаканов қол қойған қаулыны орындау мемлекеттік ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік инспекциясына жүктеліпті. Шектеу мерзімі көрсетілмеген.

Еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігі бұған шұғыл түрде жауап берді.

Министрлік таратқан баспасөз хабарламасында «Алматы облысында соңғы он жылда ешқандай құс кеселі тіркелген жоқ. Солтүстік Қазақстан облысындағы Айыртау ауданында Ньюкасл кеселіне байланысты енгізілген карантин 19 қыркүйекте алып тасталды. Осыған байланысты Қырғыз Республикасының Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарынан құс еті мен жұмыртқа әкелуге тыйым салуы жөнсіз» делінген.

Құс тұмауы тіркелсе, ол жасыратын жағдай емес. Еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігінің мәлімдемесіне де сенімсіздік танытуға негіз жоқ. Тек көршіміздің аяқ астынан «кеселденуі» түсініксіз болып тұр.

Талап ТІЛЕГЕН

Астық

Бізде экспортқа шығарылатын ауыл шаруашылығы өнімінің бірі бидай өкені белгілі. Қазіргі кезде Өзбекстанға (2 млн тонна), Тәжікстанға (1 млн тонна) және Иранға (2 млн тонна) астық экспортталады. Жуық арада осы тізімге Вьетнам да енуі мүмкін.

карантині бөлімінің басшысы Ле Сон Ха «Бидайдың 30 пайызында ошағанның тұқымы табылды. Астықты өңдеу үшін күн сайын 30-дан астам карантин офицерін жұмылдыруға тура келеді. Сондықтан Ресей мен Канада жабдықтаушыларын астықты жөнелтерде мұқият тексеруін өтінеміз» дейді.

Шенеуніктің айтуынша, қазір осы екі елден бидай әкелуге тыйым салу мәселесі қарастырылып жатыр. Жергілікті кәсіпорындарға Қазақстан мен Бразилия сияқты

ОШАҒАН ДА ОПЫҚ ЖЕГІЗЕДІ



Вьетнам астықты Ресей мен Канададан сатып алады. Бірақ та биыл осы екі елдің бидайынан ошаған табылғаннан кейін ойланып қалғанға ұқсайды. Doanh Nghiep Hoi Nhap басылымы хабарлағандай, бұл ел қазақстандық астыққа көз тіккен сынайлы.

Вьетнам ауыл шаруашылығы министрлігіндегі өсімдіктер

нарықтарға ауысу жөнінде кеңес берілді.

Басылым жазғандай, осы кезге дейін Вьетнамды астықпен негізінен Ресей жабдықтады. Оның ел нарығындағы үлесі 53 пайыздан асатын.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА

Өмірдің өзінен

Осыдан бірнеше жыл бұрын аялдамадан «Жұмыс! Студенттер, декреттегі әйелдер мен зейнеткерлер үшін таптырмас мүмкіндік! Күніне 2 сағат жұмыс істеп, оңай жолмен байып кететін жұмыс!» деген жарнамаларды кездестіре бастадық. Әлгі жарнаманың ерекшелігі сол – саусағыңызды қимылдатсаңыз болғаны, ақша сауылдап құйыла береді, құйыла береді... Соңғы кездері бұл жарнама әлеуметтік желіге шықты. Әсіресе инстаграмда толып жүр. Екінші бірі тауарын жарнамалап, баюдың даңғыл жолын қос қолдап ұсынып жатады.

қарапайым, бірақ қызық естiлдi. «Қазiргi айлығыңыз қанша?» дедi. «Сұрақтарыңыздың бәрiне жауап беруiм керек пе?» дедiм. Ол «Әрине, жауап бересiз. Ал мен сiзге одан кейiн барлығын түсiндiрем» дедi ол. Мен арманымды, айлығымды айтып, өзiмше тiзбектей бастап едiм, әлгi тойға баратындай сықайып киiнiп алған келбеттi жiгiт сөзiмдi бөлiп, компанияның мүмкiндiктерi туралы ұзын-сонар әңгiме бастап кеттi.

— Бiздiң компанияда алтын бұйымдар, суды тазартатын кристалл, компьютерден қорғайтын көз әйнек сатылады. Сiз осы тауардың бiреуiн сатып алып, әлемнiң кез келген елiне саяхатпен бара аласыз» , — деп нешетүрлi мысал келтiрдi. Барынша қызықтырып жатыр. Оның сөзiн бөлiп «Ол үшiн не iстеуiм керек?» дедiм. Ол алдымен

компанияның тауарын өткiзiп, белгiлi дәрежеде балл жинайсын. Онымен қоса, таныстарын да осы компанияға тiркелiп, тауар өткiзүi керек. Қысқасы, командалық жұмыс. Егер өзiннен кейiнгi адамдар тiркелiп, олар өз адамдарын тартса, сен де белгiлi бiр дәрежеге көтерiлесiң. Содан кейiн ай сайын айлық аласын. Сыйақы аласын. Алдымен менеджер сосын директор, алтын директор, тiптi президентiне дейiн көтерiлесiң. Ертегi сияқты әңгiме...

Ал осындай «желi» жағалап жүрген адамдардың кейбiреуi әлi күнге дейiн өздерi ақшасын төлеп, тапсырыс берген заттарын бiрнеше ай өтсе де, ала алмағандарына куә болдық. Оны уайымдап жүрген олар жок. Себебi мақсат тауар емес, басқа тiркелген адамдардың есебiнен түсетiн пайда! Ұялы маркетингте — алдау, арбау, адам санасына түрлi жолдармен әсер ету деген дүниелер бар. Адам психологиясына ықпалы бар түрлi тәсiл мен айла-шарғы әсерiнен үйлерiндегi жалғыз сиырын сатып жiбергендер, несие алып, қарызға батқандар баршылық. Сондай-ақ маркетингтiң бұл түрiнде жоғарыға шығып алғандар пайда тауып, төмендегiлер ұтылады. Өйткенi бұл жүйенiң жолы — төмендегi адамдарды ақшасынан қағып, пайда табу.



ЖЕЛІДЕГІ МАРКЕТИНГ ШАҢ ҚАПТЫРМАСЫН

Қарапайым жұртты қойшы, қазір ел алдындағы танымал жұлдыздар да осы іспен айналысады. Олар бір-бір компанияның өнімін жарнамалап, қалтасын қаппайтып, кейбірі қымбат көлік мініп, шетелге тегін саяхат жасап жүрген көрінеді. Әлеуметтік желінің барлығы «Байлығыңыз келе ме? Онда өз бизнесіңізді ашыңыз!» деп басталады. Кімнің байлығысы келмесін? Ақша деген соң, кімнің көзі қызбайды?!

Әңгімені нақты оқиғадан бастайық. 2013 жыл болатын. Алматының алтын сары күзі. Жұмыс іздеп жүргенмін. Мамандығым бойынша ыңғайлы жұмыс табылмай, андамұнда барамын. Бір күні аялдамадан хабарландыруды көзім шалды. Дереву қоңырау соқты. Көпшілігінде Абай даңғылындағы бір ғана мекенжай көрсетілген. Бардым. Қыз-келіншектер бір кабинетке жиналып, біреуді күтіп отыр. Қолыма бір жапырақ қағаз ұстатты. Бір кезде есіктен күлімсіреген сұп-сұлу келіншек кіріп келе жатыр...

Біздің құтқын адамымыз осы әйел болып шықты. Ол өзінің Алматыға қалай келгенін, қала шетіндегі ескі құжырада тұрып, өлместің күнін

компаниядан 150 мың теңгеге тауарын алатынымды айтты. «Одан кейін, екі танысыңызға осы компания туралы айтып, тағы екі адамның осы өнімді алуына жарнама жасайсыз. Әрі қарай сізден кейінгі екі адам өзінің екі танысына жарнама жасап, өнімді өткізуге керек. Осы адамдардың белгілі бір мөлшердегі пайызы сізге жиналады. Ал сіз шетелге саяхатқа жолдама аласыз!», — деп қызыл сөзбен Еуропаға саяхатқа шығарып салды.

Бұл жерде де сол жүйе: тауар алу, оны сату. Таныстарына жарнамалау. — Ойланып көрейін, кейін бір жауабын беремін, — деп әлгілерден әрең құтылдым.

Өткенде әлгі ауылдасыммен бір тойда жолығып қалдым. — Компанияда әлі жұмыс істеп жатырсың ба, әлемнің қанша еліне саяхат жасадың? — деп баяғыдағы өз сұрағын өзіне қойдым.

— Ол жұмысты қойдым, қазір мамандығыммен



кешкенін, балаларын жеткізу үшін еден жуып, көше сыпырғанын, қысқасы, қатты қиналғанын көзіне жас алып отырып баяндады. Ар жағы белгілі ғой...

Әрине, ондай кезде тұрмыстың ауыр қамыты мойнын қажап, айлығын шайлығына, тапқанын тамағына жеткізе алмай, пөтер жағалап жүрген жандарға, қызыл сөздің өзі шынымен үміт сыйлағандай еді. Сөйтсек, бізді байытатын компания Тибеттің дәрі-дәрмегін жарнамалайтын компания болып шықты. Неге екенін білмеймін, күр сөзбен қуырдақ қуырғандардың ісіне ішім жылымады. Сондықтан, әлгі жиындарға одан кейін бас сұқпадым. Тауарын өткізуге де аса құлшына кіріспедім. Бұл сөзімді осы салада жүргендер жалқаудың кезекті сылтауы деп қабылданды.

Тағы бір оқиғаны айта кетейін. 5-6 жыл бұрын ауылдасым уялы маркетингпен айналысатын компанияда жұмыс істейтінін, жағдайының түзеліп, жақында саяхатқа кететінін мақтанышпен айтты.

— Ол қандай компания, немен айналысады? — дедім қызығып. Жерлесім компанияның өкілімен кездестіретінін айтты. Сөйтіп Алматыдағы сауда орталығының бірінде әлгі компания өкілімен кездесу ұйымдастырды. Үстіне қымбат көстөм киіп, галстук таккан жап-жас жігіт қасымызға жайғасты. Өзін таныстырғаннан кейін, маған бірден 3 сұрақ қойды. Алдымен «Болашақтағы арманыңыз не?» деді. Одан кейін «Көпшілігі 5 жылдан кейін қалай елестетесіз?» деп бетіме кекесінмен қарады. Үшінші сұрағы

жана жұмысқа орналастым, қалғанын сұрамашы, — деді ыңғайсызданып.

Мен де оны ары қарай ұялтқым келмеді. Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалды. Бұл осыдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға еді. Кейіннен ақпарат құралдарынан аталған компанияның банкрот болғанын естідім. Ал олардың алтын деп сатқан бұйымдары темір ме, қалайы ма, жалған болып шығыпты. Тіпті ломбардқа да өткізе алмай, көптеген адамдар сан соғып қалған көрінеді.

Желідегі сауданың қазіргі тынысы қалай? Интернеттің дамыған заманы. Енді адамдар бұрынғыдай көзбе-көз емес, виртуалды әлемде араласа бастады. Ал осы дамыған жүйені пайдаланып, кәсібін дөңгелетіп жатқандар көп. Осыдан бірнеше ай бұрын инстаграм парақшама бейтаныс әйелден хат келді. Хатта өзінің декретте отырғанына қарамастан, бизнесін дөңгелетіп пайдаға келіп жатқанын айтыпты. Егер мені қызықтырған болса, Уатсап арқылы хабарласып, барлық сұрағымға жауап ала алатынымды жазған. Сонымен не керек, «бұл не қылған батпан құйрық?» деп келіншекке қайтара хат қалдырдым. Сөйтсем, ол бұрыннан естіп жүрген косметика сататын танымал компания болып шықты. Әлбетте, бұл компанияға, оның өкілдеріне тіл тигізуден аулақпыз. Бәлкім, бизнесін ашып, пайдаға кенеліп жатқандар бар шығар. Бірақ ұялы маркетинг арқылы пайдаға кенелу маған бұйырмашты. Өйткені бұл жерде де сол жүйе:

МАМАН ПІКІРІ

Айгүл ТҮЗЕЛБАЙҚЫЗЫ,

психолог:



Қазіргі таңда тренинг ұйымдастырып, адамдарды жинап, «бизнес бастауға көмектесеміз, көптеген табыстарға қол жеткізесіз»

деген мақсатпен жұмыс істейтіндер көп. Шын мәнісінде, бұл адамдар - тренингті табыс көзіне айналдырғандар. Психологиялық тұрғыдан адамдар 3 түрге бөлінеді. Біріншісі - жетектеуші, екіншісі - жетекке жүруші, ал үшіншілері психотиптегі адамдар, яғни өзімен-өзі жүретіндер.

Тренинг ұйымдастырып, сағаттап сабақ жүргізетін топтағы адамдарды шешен дейміз. Олар тілге бай, сөзге шебер, жұртты өзіне сендіре алады. Бұл топтағы адамдар бірінші психо-түрге жатады. Оларды жетектеушілер деп атауға болады. Өйткені осындай адамдардың басында идея көп. Идеясын өдемі түрде өртістік қабілеттерімен жақсы жеткізе алады. Адамдардың психологиясын сендіре алады, солай сенімге кіреді. Ал екінші топқа жататын адамдар бірінші топтың жетегіне еріп жүретін, сеніп ақшасын беріп, ұсынған тауарларын сатып алатын адамдарды жатқызуға болады. Алайда барлық тренингтерді алаяқтық деп атауға болмайды. Арасында пайдасы бар тренингтер де бар. Оны біз ажырата білуіміз керек. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде тренингтен бөлек, тауарын жарнамалайтын шетелдік компаниялар көбейіп кетті.

Қазіргі таңда барлық ұялы маркетинг пирамида жүйесімен құрылған. Пирамида жолымен ақша тапқысы келетіндердің қарасы өте көп. Ал пирамидада ең жоғарыдағы адам ғана белгілі бір пайдаға кенелуге

мүмкін. Төмендегілері жоғарыдағы адамның пайдасына жұмыс істеп қана қалады. Сондықтан әрбір адам көз келген істі бастамас бұрын әбден зерттеп, зерделеп алғаны жөн.

Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:



«Негізі тренингтардың пайдалысы да, керісінше, түкке қажет еместері де бар. Сондықтан ажырата білу керек. Екінші жағынан, тренинг ұйымдастырушы кәсібін өркөңдетіп, өз тәжірибесімен бөлісетін болса, өзгелерге қарағанда пайдалырақ болады. Егер де бизнеске қатысы жоқ, құрғақ сөзбен тренинг жүргізер болса, ондайлардан аулақ болған дұрыс. Тренингқа тәуелді болып қалған адамдар да бар, үнемі барғысы келіп тұрады. Уақыты мен ақшасын құртқаннан басқа бастаған ісі жоқ. Кейбір тренинг ұйымдастырушылар бар, бастапқыда тегін шеберлік дәрісі ретінде өткізеді. Сосын «ары қарай білгілеріңіз келсе» деп ақылы өтіп қояды. Менің ойымша, ол дұрыс емес. Әрине, барлығы тегін болсын дегенім емес. Қазіргі таңда бизнес-тренерлердың көбейіп кеткені рас. Көп болғаны да дұрыс. Уақыт өте арасында тек мықтылары қалады. Ал үйретері жоқ, құрғақ сөзбен жүргендер көпке бормайды. Еліміз нарықтық экономикаға өнді өтті. Іскерлік белсенділікке де бейімделіп келе жатырмыз. Нақты жүйе қалыптасып, бизнес саласы дұрыс жолға қойылған кезде нарық өзі-ақ анықтап, пайдалысын алып қалады. Бір өкініштісі, осы жүйе қалыптасқанға, сапалы тренерлар пайда болғанға дейін көп адамдар алданады. Ақшасы мен уақытын бекерге сарп өтеді. Кемшін тұсы осы деп ойлаймын.



Әлеуметтік желінің ықпалы соншалық, енді әншілер де түрлі компанияның өнімін жарнамалай бастады. Тіпті өз командасына шақыратын үндеуді естіп, көріп жүрміз. Басқаны білмеймін, өзіме ұялы маркетинг суалған сиырды елестетеді. Қанша саусан да сүті жоқ. Ессесіне, «мөңіреп» жүргендер көп...

Макпал НОҒАЙБАЕВА

TIRSHILIK

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ТРЕНИНГ немесе МЕН ҚАЛАЙ ОҚУЫМДЫ БІТІРЕ АЛМАДЫМ?

Төртінші курста оқып жүрген кезім. Оқуымның ақшасын, күнделікті жүріп-тұратын керекті қаражатты ата-анам салып отырады. Жасым болса біразға келді, ата-анам масыл болып жүргендей өзімді ыңғайсыз сезіндім. Содан не керек, нәпақамды табу үшін даяшы болып жұмыс істей бастадым. Иә, басында жұмыс қиындау болды. Біраз сабақтарымынан қалып қойдым. Даяшылықтан түскен ақшам түкке де жетпейтін. Керісінше, қатты шаршап, уақытымның көп бөлігі жұмысқа кетті. Содан басқа жұмыс іздестіре бастадым.

Жарнама бойынша біраз жерді шарладым. Бір байқағаным, менімен бірге шұбырып жұмыс іздеп жүргендердің дені өзін сияқты студент жастар. Қыз бала болған соң ауыр жүк тасу дегендерден бас тарттым. Тағы бір жағы, жұмыс кестесі түнгі ауысымда болды.

осылай өтем бе деген қорқыныш биледі. Бір күні дәл менің басымдағы жағдайды бақылап жүргендей, әлеуметтік желіде жарнамасы жер жарып тұрған тренингті көзім шалып қалды. Ойланбастан қатысымын деп шештім. Бағасын сұрап жеке хат жібердім. Тренингке қатысу үшін керекті қаражатты жазып жіберіпті. Әлгі ақшаның көлемін көріп, көзім атыздай болды. Онсыз да тиын таппай жүргенімде, дәл мұндай көп ақшаны қайдан табамын? Қымбат болған соң, ойымнан бірден айналып қалдым. Бір кезде тағы да «смс» келді. Нөміріңізді жіберіңіз, сізбен сөйлескіміз келіп тұр дейді. Жағдайымды айтсам түсінер, арзандатып берер деген үміт пайда болды. Дауысы жағымыз бір қыз. Ол «Не үшін біздің тренингке қатысқыңыз келеді?» деп сұрады. Мен болсам басымдағы жағдайымды баяндай бастадым. Жылы сөз айтып, өзіне баурап алды. Екеуміз құрбыдай сырласып кеттік. Мұнымды айтар, түсінетін жанымда жақыным қалмаған соң, жаңағы қыздың алдында ағымнан жарылдым. Көз жасыма ерік беріп, тіпті жылап та алдым. Менің ішім толып қалған, бір сағаттың қалай өтіп кеткенін аңғармай қалыппыз. Әлгі мейірімді қыз «Әлі де кеш емес, бәрі жақсы болады, біздің тренинг сізге арналған, қатысыңыз!» деп айта берді. Тығырықтан шығар жол осы шығар деп оқуыма берген ата-анамның ақшасын тренингке салып жібердім...

Тренинг болатын күнді асыға күттім. Құлды бір содан кейін қатты өзгеріп, бизнес бастап, ақшаны күреп тауып кететіндей күй кештім. Алматының керемет қонақ үйіне келдім. Тренинг сонда өтеді. Айналама қарасам, келушілердің қарасы көп. Қиналып жүрген, қаражат тапшылығын көрген жалғыз мен емес екенімді сонда ұқтым. Жасы бар, көрісі бар — бәріміз асыға күтіп тұрмыз. Орнымызға жайғастық. Менікі — ең арзан билет. Ондағылар өзін сияқты студенттер, бәрімізді бірге отырғызды. Одан кейінгілерінің бағасы әжептәуір қомақты. Соған қарамастан, ол орында отырғандардың саны тіптен көп. Музыка қосылып, шоу-концерт сияқты басталды. Алдымен, тренинг жүргізетін адам шықты. Біз қол соғып қарсы алдық. Екі жүздей адамды өзіне қаратып, таң атқаннан кешке дейін мына жас жігіт не айтады екен деп тағы ойланып отырмын. Бір кезде әлгі жігіт бізге ұрса бастады: «Сендердің осы уақытқа дейін бір кәсіптерің жоқ, түсіп тұрған қосымша табыс жоқ, не мақсат жоқ, қалай өмір сүріп жүрсіңдер? Мен жас болсам да, пәлен жерде түгенім бар. Менің мынадай кәсібім бар, былайша айтқандай миллионермін» деп бәрімізді өзіне одан әрі ынтықтырып қойды. Былайша айтқанда, сендер жолы болмаған топассындар деген мағынада сын айтты. Айтып жатқаны расымен де өте қарапайым дүниелер, бірақ біз неге осыларды ұмыт қалдырып жүрміз деген ойға қалдым. Кәсіп бастаудың жалпы бағытын түсіндірді, ары қарай дамытып кетем десендер, біздің жеке сабағымыз бар деп жарнама жасап алды. Алғашқы болғандықтан ба, әлгі тренинг өте әсерлі болды. Керемет шабытпен шықтым. Біраз дүниелерді жоспарлап, кәсіп бастауға бел будым.

Арада біраз күн өтті. Бәрі су сепкендей басылды. Баяғы күйге қайтадан түстім. Не болғанын өзім де ұғар емеспін. Бастаған кәсіп те жоқ, төлейтін оқудың ақшасы да жоқ. Енді қайтпекпін, ақшаны қайдан табамын? Университеттегі ағайыларым «Екі күннің ішінде оқу ақыңды төлемесең, оқудан шығасың» деді. Үйдегілерден ақша сұрауға бет жоқ. Таныс-тамырлардан қомақты қаражат беретін ешкім табылмады.

«Диплом аламын, жұмысқа кіремін» деген арманымның күлі көкке ұшты. Ақыры келесі курсқа қалып қойдым. Бұл менің жүйкеме қатты сокқы болғаны анық. Группаластарым колларына диплом алып жатқанда, мен тренингшілердің арбауына түсіп қалғанымды кеш ұқтым. Әттен, бәрі қайтып келсе ғой! Осындай қателікке бой ұрмас едім. Қалай ғана сондай қызыл сөзден қуырдақ қуыратын пысықайларға сеніп, алданып қалдым деп өзімді әлі де кінәлаймын.

Раушан АМАНЖОЛОВА, студент



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Қолдағы алтын

Жер жәннаты Жетісудың ең бір ғажойып аймағының бірі, көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған аймақ – Алакөл. Жаңалыққа құмар жаңа ғасырда аталған өңір тек қазақстандықтардың ғана емес, шетелдіктердің де назарын өзіне аударып отыр. Суы мен балшығы дертке дауа, жанға шипа болатын мұндай құт-мекенге кім-кімнің де қызыға қарауы заңды дүние. Ақ толқыны аспанға атқан айдын көлімен, бауырында аңы мен құсы өрген асқаралы тауымен, өл жайлаған ен тоғайымен, төрт түлік малға құт болған шағылды құмымен ерекшеленген өңірдің кейінгі жылдары әлеуметтік әлеуеті жақсарып, экономикасы өркендеп, елдің еңсесі көтеріліп, қиын жылдары қирандыға айналған ауыл көлбеті түрленіп, гүлденіп өзіне тарта бастады. Десе де, көйбір «өтпеген-айлар» да көңілді жүдетеді.

Расында, туризмді дамыту – әлемдік бәсекелестік кеңістігіне кірудің бір мүмкіндігі. Алакөл атырабы қазақ халқын ел басына күн туғанда ашаршылықтан қорғаса, одан кейін де ел-жұрттың өзегін талдырған емес. Көлдің суы мен жағасындағы балшығы сан түрлі ауруға ем, балығы шетелге белгілі. Өңірдің табиғаты демалыстың түр-түрін ұйымдастыруға қолайлы. Мұнда келген адамдар таулы өлкенің табиғатын тамашалап, дала көркемдігімен жақынырақ таныса алады. Бірақ сол мүмкіндік толық



ашылмай келеді. Десе де, көл жағасындағы санитарлық жағдай алаңдатады. Оның үстіне, көктем сайын көл жағасын, әсіресе, Көктұма ауылының жағасын су шайып, ауылға қауіп төндіруде. Осы жайында облыс, республика көлемінде біраз жылдан бері мәселе көтерілуде. Бірақ жағаны бекіту жұмысы көп қаражат қажет ететіндіктен, бұған ауданның күші жетпейді. Биыл Алакөлге 1 миллионнан астам саяхатшы келіп, демалып қайтты. Келесі жылы келетіндердің саны бұданда көп болуы мүмкін. Көлдің суы шайып, жардың қопарыла құлаған тұсы барған сайын ауылға жакындап,

тұрғындардың мазасын қашыруда. Жыл санап жакындаған су жағлаудағы қалқаларды көлге алып кетіп жатыр. Сондай-ақ бей-берекет салынып жатқан сансыз құрылыста есеп жоқ. Жапсарлай ығы-жығы тігілген киіз үй де көңілді көншітпейді.

Алакөл мен оның айналасындағы көлдердің табиғаты ерекше. Құстың жеті атасын табасыз бұл өлкеден. Балыкка да бай еді. Кеңес өкіметі кезінде бұл көлден тонналап балық аулап, Мәскеу асырып жатты. Мәселен, кезінде толқыны тайдай тулаған Алакөлден жылына 5 мың тоннаға дейін балық ауланып, оның 90 пайыздан астамы сазан мен көксеркенің үлесіне тиген-ді. Қазір Алакөлдің атағын шартарапқа

АЛАКӨЛІМ-АЙ, АЛАҢ КӨҢІЛДІ-АЙ!

паш еткен әйгілі сазан мен көксеркенің тұқымы азайып кеткен. Жергілікті балықшылардың айтуынша, бұдан он шақты жыл бұрын ғана жоғарыдағы әлдекімдердің қолдауымен келген ресейліктер кебежедей кемелермен осы көлдерді әрі-бері сапырып, сүзіп өтіп, балықты тоқпен ұрып, тонналап жинапты. Осыдан кейін көлдің балығы күрт азайып, тіпті талғажау етерлік балық табылмай қалған кездер болған.

Білікті мамандар балық шаруашылығын дамытудың әлем таныған екі жолы бар дейді: оның біріншісі – балық шаруашылығына табиғи су көзін тиімді пайдаланып, балықтардың



Алакөл аудандық прокуратурасы заңсыз балық аулаудың алдын алу мақсатында Алакөл, Сасықкөл және Қошқаркөлдерге тексеру жүргізіп, табиғат қаскөйінен тазартуға тырысты. Бірақ мүлдем кесілген жоқ. Ендеше, аталған мәселе тез арада шешімін таппаса, Алакөлдің балығынан айырылып қалуымыз әбден мүмкін. Сондықтан әр сала мамандары бірлесе отырып соны әдіс, батыл жол тапқаны жөн.

Балық шаруашылығы – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін табиғи байлық. Сондықтан біз әлемдегі сирек кездесетін бекіре тұқымдас балық түрлері мен қаз, көксерке, сазан, ұшқыш (үскүш), таутан, ақмарка, тағы басқа да балық өнімін арттыру үшін экономикамыздың ішкі мүмкіндігін толық іске қосып, балық өнімін экспортқа шығаруға күш салуымыз қажет. Ол үшін аталған саланы басқарып, оның жұмысын реттеп, үйлестіріп, балық өнімін өндіруді бір ізге салумен айналысатын жеке құрылым құрылуы керек. Сондай-ақ облыс аумағындағы көлдер мен тоғандардың, су қоймалары мен ірілі-уақты су көзінің барлығына түгелдей есеп жүргізіп, оларға ғылыми-тәжірибелік тұрғыда зерттеу жүргізу арқылы толыққанды сараптама жасап, солардың қорытындысы бойынша жағдайды тиісті салалық жоба мен шараны жүзеге асыру керек-ақ! Осы орайда, Парламент қабырғасында балық аулаумен күнін көріп отырған елді мекен тұрғындарына жауапкершілік жүгін арттыратындай етіп тәртіпбұзушылыққа қатаң тыйым салатын заң ережесін қабылдаудың еш артықтығы жоқ. Бұдан басқа, өңірлік су көзінің тазалығы мен табиғи ортаның ластануына жол бермеуге, жалпы өңірлік экология мәселесіне жете көңіл бөлу де – осы саланың дамуы мен қайта жандануына тікелей әсер ететін фактор. Аталған мәселені оң шешсек қана балық шаруашылығын жандандыруға болады.

Алакөл – тек қана Жетісу жерінің емес, қазақ елінің қадір тұтып, қастерлейтін көлі. Оның жағалауын қостардың өзі мың түрлі үнімен, сықырлы сазымен салтанатқа бөлеп жатады.

көл қос облысты бір-біріне жалғап жатқан көпір іспетті. Естуімізше, бұрындары Алакөлдің Қамыскала ауылы мен Ұржардың Қарабұлақ ауылы арасындағы бір шақырымдай бұғазға паром қатынаған. Бұл көлдің екі жағалауындағы тұрғындардың барыс-келіс жасауын жеңілдеткен. Тіпті кеңес одағы кезінде Қамыскала ауылында өндірісі ауқымды балық комбинаты жұмыс істеді. Паром сол комбинаттың құзырында болып, барлық шығымын солар өтеп келді. Себебі Ұржар жакта комбинаттың балық ұстайтын бригадасы орналасқандықтан, олардың өнімінсіз комбинат жұмысы жүрмейтін. Ал кезіндегі балық комбинаты бүгінде өркімнің меншігіне кеткен. Егер сол паром қайта іске қосылып, туризм үшін жұмыс істесе, екі өңірдің қарым-қатынасы мен экономикасын нығайту үшін өлшеусіз үлес қосар еді. Бұл тек арман ғана болып тұр.

Осы аймақ жайлы сөз бола қалса, Үйгентас өңірінің зор мүмкіндігі, шекаралық өңірдің көкейтесті мәселелері де көтерілмей қоймайды. Сарқан ауданымен шекаралас жатқан Қабанбай ауылы тарих бетінде «Үйгентас» деп аталып қалды. Бұл атау сол бір жылдардағы жоңғар басқыншыларының қазақ жерін жаулап, өзінің атамекені етпекші болған тұста болған оқиғаға байланысты қойылған. Кейін Үйгентас ауданы Алакөл ауданына қосылды. Үйгентастың жеміс-жидегі мен балы әлемге танымал десем артық айтқандық емес. Біраз жыл бұрын осы өңірден жеміс-жидекті өңдейтін зауыт құру мәселесі қозғалған. Сондай-ақ кеңес заманында бұл өңірде жұмыс істеген мектептердің тең жартысы ғана қалыпты бүгінде. Демек, бұл өңірдегі тұрғындар санының азайып, ауыл тірлігінің тоқырағанын көрсетеді. Қысқасы, екі аудан мен екі мемлекеттің арасын қосып тұрған өңірдің әрбір жолын дұрыс бағдарлаудың күн тәртібінен түспегені жөн. Тіпті керек болса, кезіндегі тәжірибені заманға ынғайлап, қайта қолдану еш артық етпейтін сияқты. Бұл біздің ойымыз.

Елбасы биыл Алакөлге келген сапарында демалыс аймағын одан әрі дамыту үшін көл бойындағы ауылдарды орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамту, демалыс аймағын таза ұстау, Ақши демалыс аймағын көріз жүйесімен қамтамасыз ету, Үшарал әуежайының үшу-қону алаңын ұзарту, Көктұма және Ақши ауылдарының көл жағалауын бекіту жұмысын қолға алу сияқты бес тапсырма жүктеді. Демек алдағы уақытта осы тапсырманың ойдағыдай орындалуы үшін күш-жігерімізді арнасақ, бар мәселе шешіліп қалатында шығар.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Жайбасарлар жарысы

(Басы 1-бетте)

Быттыр көмір бағасын дүрбеленге орай қымбаттатқан бірер серіктестікке облыстық прокуратура айыппұл салған болатын. Осыдан ба екен баға сәл ғана көтерілген. Өзі жоқ болғанымен, баға белгілі. Майкөбе көмірінің бір тоннасы 14, жақсы жанатын шұбаркөлдікі 16, Қаражыраның кара тасы 14 мың теңгенің шамасында. Бірақ осы аталған көмір сорттарының ішінде Майкөбесі ғана бар.

— Жаксы жанатыны керек еді, — дейді көмір базасының басында кезіккен Бауыржан Ахметов, — әйтпесе, азап қой. Мысалы, менің үйім оншалықты үлкен емес, бір қысқа 7-8 тонна жетіп жатыр. Өткен жылы жақсы сортқа қолым жетпей, амалсыздан нашарын алып едім, қыс бойы кемпіріммен қырылысып шықтым. Көктемге жетпей айырылысып кетеміз бе деп едік, әйтеуір аман қалдық. — Неге, ақсақал? — деп тақақтап сұраймын мен. — Ойбай-ау, сегіз тонна көмір алсаң, алты тонна күл шығарасың, — дейді ол, — жасы келіп қалған адамға онай ма, өзін есептеп көр, көмірді үйге жеткізген соң сегіз тоннаны сарайға үйесің, қыс бойы әлгі сегіз тоннаны қазандыққа тасисың. Оған алты тонна күлді қоссаң, сонда не болып шығады?! Ал бағасын айтасңшы. Осы қымбатшылық біз сияқты зейнеткерлерге қиын. Қыс қабағы қалай болады екен деп бір алаңдайсың, жаз бойы отын-көмірдің бағасы өсіп кетер ме екен



каражат болмағаннан кейін ауыл тұрғындары бірыңғай отын жағуға көшкен. Қанша жерден орманды елдің ішінде отырсаң да, қылтиып шыққанын қырка берсең, ағаш шақ келе ме?

есептесеніз, бір тонна көмір 30 000 теңгеге айналады. Жер-көкте жоқ көмірді саудагерлердің қайдан алып жатқандығы шешуін таптырмас жұмбақ. Бұл арада «бармақ басты, көз қысты» бір әрекеттің бары анық.

база бар. Олардың жанында, тіпті алушы түгілі, әншейінде үйездеген жылқыдай үйіріліп тұратын көліктер де жоқ. Бәрі анық-жылас. Базаларда ырымға бір түйір көмір болмаған соң қалқайып несіне тұрсын.

Әзірге үміттен күдік басым. Сарғайып жол тосқан, көмірдің қарасыны көріне ме деп елегізген жұрттың уайымын да түсінуге болады. Базалардың басшыларымен жүздесіп, мән-жайды анықтау, тіпті де мүмкін емес. Жүздері жоқ көмірдің өзінде қабара қарауытқан күзетшілер кеуденнен итеріп, аттап бастырмайды. Бар айтатындары тосындар. Біз тосармыз-ау, ал үйлерінде төсек тартып жатқан көрі-құртаны, шиеттей жас балалары барлары не істемек?! — Шау тартқан әкемді қоярда қоймай алып келіп едім,— дейді Бектемір Ілиясов деген азамат, — ауылда отыра бергені жөн еді. Енді, міне, қазанның қара суығына ұрындырып, қаңыраған үйде ренжіп отыр.

— Осы Қазақстанда көмір жеткілікті емес пе? Неге осыншалықты зәру қылып қойды,— дейді атын айтудан тайсақтаған жігіт ағасы,— әлде шетелге асып жатыр ма екен? Өзімізде бардың игілігін өзіміз көрмеген соң не қайыр.

Рас-ау, шіркін.

Байкен ҚОБЕЕВ

болып білім алып жүргеніне қарамай, майдан даласына аттандырылған. Үлкен шаңырақтың үкілеген бар үміті, шаңырақтағы маздаған оттың жалғыз шырағы. Балташ ағамыз 1944 жылы қан майданда қаза тауыпты. Иманды болсын, пейіште нұры шалқысын. Он екіде бір гүлі ашылмаған, күнәдан пәк, иманы таза жасөспірім еш жазықсыз жер-көктің қақ жартысын ақ ажалдың оғы болып жалмап тұрған қан майданда опат болып кете барды.

Балташтың артынан қара қағаз келгенімен Пішембай атамызға ел-жұрт естіртпеген. Қасірет аркалаған, өлшеусіз қайғы әкелген бір жапырақ қара қағаздың адам көтере алмас ауыр салмағы еңсесін жаншып, онсыз да лүпілдеп сокқан жүрек шыдамас деген болар. Одан жалған болса да үміт жақсы. Әйтеуір күндердің бір күнінде



кен, ұзындығы атшаптырым бөлме қонақ бөлмесі.

ЖАҢА ЗАМАН ҚҰРБАҢДАРЫ

Төре тұқымы жайлаған құт қонған қасиетті мекен қазақ даласына революция дауылы келгенде ұйқы-тұйқы болды. Алдымен ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан ең дәулет мал тартылып алынды. Әр шаңырақтың кимас жәдігері тәрізді асыл бұйым, қымбат жиһаз, бұл өңірде көп кездесе бермейтін, төре тұқымының салтанатын асырып, сәнін келтіретін, қасқалдақтың қанындай қат мүліктер. Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып келе жатқан дүние-мүліктің талан-таражға түскені өз алдына, төрт түлік мал да аяусыз талауға түсті. Әулетке біткен актылы мал арғы аталарымызға бақ-дәулет болса, кейінгіге сор болып жабысқаны анық-ты. Мұқитан атаның бар малын тартып алып, сол малын өзіне бактырып қойған. Бұдан артық қорлық пен зорлық болар ма? Бүкіл саналы ғұмырында бұла болып өскен Сарыарқаның самал желіндей еркін де ерке, бетіне ешкім жел болып тимеген, жаудан беті қайтпаған төре тұқымы осылайша жарлы-жақыбайдың, босағадағы құлдың кейлін киген. Амансыздан еді. Қанқұйлы кеңес үкіметі қанқасап майдан ашып, тау болып үйілген адам сүйектерінің үстіне мемлекет орнатпақшы болды. Есебі — құмды жинап тас қылмақшы, құлды жинап бас қылмақшы.

Төңіректегі төре атаулының бәрін қазіргі күнгі Краснояр кенті мен Симферополь елді мекенінің ортасындағы Шоная деп аталатын қонысқа жинаған. Бұл жерде қазір ел жоқ. Бірақ зорлық пен зомбылықтың, әділетсіздік пен арыздықтың ізі сайрап жатыр. Осындай адамзат қолымен жасалған қылмыс шешіресін қойнына бүгіп, көне қорым тұр мүлгіп. Аталарымыздың айтуына қарағанда, үдере қашқан актың әскері де, аттандай қуған қызылдың әскері де момын елге бүйдей тиипті. Аяған бірі жоқ. Қарсы келгенді атқан, асқан. Қорлық-зорлықтың шектен шыққан небір түрін көрсеткен. Мінуге жарамды ат, жеуге жарамды азық, киім-кешек, басқа да дүние-мүлік түгел таланған.

Жазығы жоқ еді боздақтардың. Бар айыбы мал біткені, арғы аруақты ата-бабадан кейінгі ұрпаққа мұра болып қымбат қазына, дүние-

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

мүліктің қалғандығы. Кешегі кеңес заманындағы солақай саясаттың, кеңестік идеологияның желкеден нұқып көрсеткен жөнсіз іс-әрекеті төре атаулыны қаскүнем, кісі ақысын жеген құбыжық қылып көрсетті. Әйтпесе, тап төреден келген тәкірет жоқ еді. Рас, мал бітті. Бірақ сол малдың бар игілігін өздері ғана көрген жоқ қой, құрығын сүйреткен жылқышы да, мал ішіндегі малсақ қауым да төренің арқасында атқа мінді, аузы аққа тиді. Ел қазығы, елдің дінгегі тәрізді төре ағайын-туысты, көрші-қоланды босағасына біткен несібесімен бөлісіп, асырады. Сенікі, менікі деген жоқ. Дәл сол уақытта аштан өлген адамның моласын тауып көрсетіңізші. Ниет те, пейіл де өзгеше болатын. Бұзылғаны — қаншама жазықсыз адамдардың бір үзім нанға зар болып, опат болғаны кейін.

Төре атаулының еті тірі атқамінерлерін осы күнгі Қызылтан ауылының жанына жинап қораға қамаған. Сол кезде Қызылтан ауылын «құлақ» ауылы деп атаған. Атаудың түпкі мәні орыстың кулақ деген сөзінен шыққан. Есебі қынадай қырылған Алаш жұртының сүйегінің үстіне өзгеше үкімет орнатпақ болған большевиктер алдына мал біткен, басынан бағы таймаған байларды, төре тұқымын кулақ деп ат қойып жана үкіметтің жауы санаған. Қазіргі Қызылтан, бұрынғы кулақ ауылы жер-жерден жинаған «тап» жауларын топтастыратын орынға айналдырса керек. Осы жерде жеті атасынан бері қордалы дәулет үзілмеген ауқатты адамдарды жинап, топтастырғанның кейін ел аузында іш жақ деп аталатын Сібірге, қияндағы Алтайға жаяу айдаған. Осылайша, бір жерге жинап болған соң кілең төре тұқымын Алтай өлкесіне жаяу айдап апарған. Жүйрікті тандап мінген, жорғаның жүрісін саралап мінген, жеті атасынан байлық кетпеген барша жұрт мүскін кейіпке еніп пенде болып жаяу айдалған. Ал айдаушы әскер ат үстінде. Жолға жарамаған адамды ауу жоқ. Бұлардың ішіндегі пияғылы таныған әкей мен анамыз үш апамызды алып қашып шыққан. Қызылжарға барып паналаған. Әйтеуір, көрер жарығы бар, аман қалған.

ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Мұқитан атадан екі ұл туған. Олар Пішембай мен Кішібай. Пішембай атамыздың әйелі, Бибіғайша Исакызы мынау жарық дүниеге інғалатып 13 саби әкелген. Ескі тілмен айтқанда, 13 құрсақ көтерген. Әлде беймәлім бір ауруға шалдықты, әлде тағдырдың жазуы солай он екісі нәресте кезінде шетінеп кеткен. Ол заманда емшінің қат, дәрі-дәрмектің жоқ кезі. Бәлкім, маңдайға жазылған, қайғы-қасіреті мың батпан қатал тағдыр солай. Он үш нәрестеден жалғыз Балташ деген баласы ғана қалған. Тұс-тұсынан аузын айдаһарша ашып, антапап келген, қиядағыны қып түсетін, ордағыны орып түсетін сұм ажалдың ұзын құрығына түспей қалғаны сол ғана. Бірақ оның өзінің де дәм-тұзы көп болмады, Ұлы Отан соғысы басталғанда Балташ бауырымыз оқушы екен. 1943 жылы соғыстың ең бір қызып тұрған кезінде мектеп оқушысы

«Біз Абылайдың Шыңғыс атты ұлынан тараймыз. Көнекөз қариялардың кейбір деректеріне қарағанда, Ата жұрт қазіргі Көкшетаудан Еленовқаға қарай шығып бара жатқанда, аттанар жақ беткейдегі Елікті тауының төңірегі болса керек. Күні кеше хан жайлаған, топырағын ханның қасиетті табаны басқан өлке. Еліктінің жел жағына хан ордасы, яки ауыл қоныпты. Арғы бетте Жіңішке деп аталатын қалың тоғай. Ені тар болғанымен, ұзындығы көп-көрім қалың ағаш. Аталарымыздың айтуына қарағанда, құнарлы, құйқалы өңір», — дейді төре тұқымынан тарайтын Көкшенің абыз ақсақалдарының бірі Сансызбай Мұқитанов. – Еліктінің жел жағында — ата жұрт. Бұл күні уақыттың табымен, жел жеп, жаңбыр шайып, жоғалып бара жатса да, көзі қарақты адам әр үйдің орнын айырып алар еді. Кіп-кішкентай төмпешіктерге айналғанымен, осы тарихи мекенде тұмшаланып қаншама тарих жатыр. Тұған жердің әр бөлесі, әр төбесі түрткі қалсаң, тұңғыық сырды тамылжытып шертеді емес пе.

Әлдеқалай Еліктінің шоқысын басып өтіп бара жатқанымда қасиетті қорымның, ата жұрттың анық, бұрынғы сұлбасы көз алдыма келгендей болады. Сәні мен салтанаты, айыбы мен айбары асқан, жалпақ жұртқа өмірін жүргізген, ұлтқа ұйтқы болған ұлылардың ұлық мекені осы жер емес пе? Сол жерде Мұқитан атам, Жанбөбек бабам, Байқан, Сақып, Шабан әулеттері тұрған. Шабан атамның ғажайып емшілік қасиеті бар еді. Адамның көзіне түскен ноғаланы кәдімгі бөкімен сылып алып тастағанын көзім көрді. Дертке шалдыққан адамдардың бірталай сырқаттарын емдеп жазатын. Құпиясын өздерімен бірге ала кеткен қасиетті адамдар ғой. Тіпті дауасы жоқ дерт болып саналатын қылтмақтан да емдеген көрінеді.

Бұл күнде әбден көнеріп, көпшіліктің көңілінен өшкен көне суреттерді тірілтсе, ғажайып бір дәуірді бастан кешкендей боласын. Атам қазақ «шөп те шыққан жеріне шығады» демей ме. Әлмисактан бері нешеме ұрпақтан бері жалғасып келе жатқан, босағасына тепкілесе кетпейтін бақ-дәулет біткен, береке ұялаған әулеттің байлығы арылмаса керек-ті. Қасиетті қара сабадағы ырыздық замананың желімен төгілсе төгілген шығар, бірақ келімеген. Мұқитан атасы асқан шаруақор адам болса керек. Көк найзаны көлбей ұстап, өмірін жаугершілікпен өткізетін ерлік заманы Абылайдың дәуірімен тұйықталған. Ендігісі өз еңбегіне сүйенген, өзінің адал шаруасын ғана күйттеген тіршілік. Тұла бойындағы қисапсыз күш-қуатын, адам айтқысыз қажыр-қайратын еңбекке арнаған Мұқитан атаның әр ісі бүгінгі ұрпаққа анық үлгі, мықты мысал. Егіншілік шаруашылығын да жүзеге асырып, қара жердің қыртысын айырып ақық дән сеуіп, актылы мал өсіріп, қисапсыз істі жүзеге асырып жүріп бір сәт қажып-талуды, қамығып-жасуды білмеген. Ол заманда бүгінгідей безілдеп тұрған техника жоқ. Тісі қара қыртысқа бірде батса, бірде батпайтын өгізге жегілген соқа қайбір орнықты болсын. Соқаны ұстаған адам біресе жерге батып, біресе сыртқа секірген соқаға ие бола алмай келе жатады. Шаруаның ынғайын білмеген егіншінің ісіне қарап тұрып ашынған Мұқитан ата соқамен жерді былай жыртып ма деп өзі ұстаса керек. Сол сәтте соқаның тісі қатты жерді жырты алмай, тағы да секіріп кетіпті. Абайсыз тұрған атаның көзіне тиип, бір көзін шығарып жіберсе керек.


Хан тұқымы тегін жерді жайлап, өріс қылмайды ғой. Ел есінде сақталған есті сөз, естеліктердің сорабына қарағанда ағаш бауыры жеміс-жидекке тұнып тұрады екен. Қара қарғаның миы қайнайтын аптап ыстықта неше қилы өсімдік өскен ағаш бауырындағы жидектің қалыңдығы сондай, ат тұяғын қып-қызыл ғып бояп тастайтынға ұқсайды. Ауыл осы қалың ағаштың қойнауы, асқары көк тірмесе де тойған қозыдай томпылып жатқан Елікті тауының ығына орналастырған. Осы өңірге Шыңғыстан тарайтын төре тұқымы толайым қоныстанса керек. Бертінге дейін төре тұқымының жуан қарағайдан қиып салған үйлерінің орны көне тарихты қойнына бұғып жататын еді. Төре тұқымының сол дәуірдегі сәні мен салтанатын, мәдениетін оқырманның көз алдына елестету үшін, бір кезде бақыт нұры шалқыған, өлшеусіз қуаныштың бесігі болған әлденеше шаңырақтан қалған көне ізді сипаттай кетуге де болар. Әуелі іргетас құйылыпты. Қазақ даласында отырықшылықтың жоқ кезінде қарағайдан қиып үй салу дәстүрі кездесе қоймайды. Мұның өзі аруақты төре тұқымының өркениет көшіне ілесіп, болашаққа батыл қадам басқандығын аңғартады. Ал іргетасты кейін Ұлы Отан соғысынан кейін ғана құя бастады. Шалғайдағы шағын ауылдарда салынған үйлерде іргетас болмайтын. Демек сол заманның өзінде өзгеден мойын оздырған төре тұқымы үй салудың жөн-жосығын жақсы білгенге ұқсайды. Көне іргетастың сұлбасына бажайлап қарасаныз, үйлердің бірнеше бөлме болғандығын айқын аңғарасыз. Міне, мынау — кіреберіс. Одан соң кең дәліз. Сол жақ қанатта шағындау бөлме, бәлкім, ас үйі болған шығар. Қос бүйірдегі кішірек бөлмелер жатын бөлмелерге ұқсайды. Ал төрдегі ені

Бір кезде елдің тұтастығы, берекесі мен байлығы, ырысы мен ықыласы үшін ата жаумен алысқан төре тұқымының толайым еңбегін ел ұмытса, оның да өзіндік себептері болды. Қазақ халқының басынан небір қырғын өтпелі десенізші. Алдымен, ақ қашып, қызыл қуған аласапыран, одан соң ақсүйек жұт жылдары, кейін қанды қылышын жалаңдатқан Кеңес өкіметі. Сөйтіп сан ғасыр бойы Алаштың арда жұртының қамы үшін жан алып, жан беріскен ғаламат шайқастарды басынан кешіріп, ерлігі мен өрлігінің арқасында жалпақ жұртын аман алып қалу үшін алысқан әулеттің еңбегі ұмыт бола бастаған. Ұмыт бола бастағаны емей немене, Көкшетау қаласының іргесіндегі Ивановка селосынан төменірек жергілікті жұрттың тілінде «Хан сүйегі» деп аталатын төбедегі Уәли ханның мүрдесі жатқанын білмей келсе.

Әнебір жылдары Көкшетау қаласының тап іргесіндегі Қазақстан ауылында ұлт жанашыры, белгілі геолог, ғалым Айтқажи Қазбеков ағамыз бен ол кісінің жұбайы Шәми апамыз Ұлы Отан соғысынан оралмаған майдангерлердің аруағына бағыштап ас Берді. Ауыл қотанында қан майданда опат болған ел азаматтарының есімдері жазылған обелиск орнатылады. Боздақтарға арналып құран оқылған соң тіршіліктің ұзын-сонар әңгімесі басталмай ма. Сол әңгіменің бірінде ауыл ақсақалы Есләм Иманқұлов Ивановка селосының маңындағы «Хан сүйегі» деп аталатын төбедегі Уәли ханның мүрдесі жатыр деген деректі айтады. Ақсақалдың айтуына қарағанда, төре тұқымы жерленген бұл зиратта отыздан астам адам мәңгілік дамыл тапқанға ұқсайды. Есләм ақсақал айтқан екен:

— Бала кезімізде ауыл ақсақалдары бұл төбенің басында төрелер жерленген деп айтатын. Кейін ойнап жүргенімізде төбенің етегінен адамның жілігін тауып алғанымыз да бар. Елдің үлкендері құран оқып, кешірім сұрап, қайта көмген еді. Сол уақытта жұрт бұл жерді хан зираты деп атайтын. Ал сүйектің сыртқа шығу себебі, адамдардың ашкөздігінен болуы мүмкін. Хан тұқымы өмірден озған мәйіттерді жерлегенде өздерімен бірге тұтынған бұйымдарын, асыл заттарын бірге көмеді деген аңыз желдей қаулап тұратын. Онай олжа іздеген келімсектер көне қорымды ақтарып, осындай заттар іздесе керек. Әйтпесе, аруақ құдайға шет болатын мұсылман жоқ қой.

Астан соң көкшетаулықтарға есімдері белгілі қаламгерлер Естай Мырзахметов, Нұрхан Ысқаков, Сәкен Хасенеев, Төлеген



«кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» демекші, майдан даласынан оралар-ау деген өлмеусіреген үміт, алдамшы арман, селкеу тұскен сенім аз да болса дәтке қуат.

Жалғыз ұлдың аман екендігіне, әйтеуір, қан майданның бір жерінде жүргендігіне әкешесі кәміл сенетін. Қырдан қарайып, біреу көрінсе, қара жолдың бойында шаң көтерілсе, жолаушыдан хабар болып қала ма деп ет жүректері елжіреп, жанарларынан жас тамшылап, күн салып қараудан көздері де, өздері де талмайтын. Менің жарығым, жалғыз ұлым, айым мен күнім, ендігі өмірімнің бар мақсаты мен мұраты, алдамшы мынау дәуірдің алданышы күндердің бір күнінде бір хабарын берер-ау деп тосатын еді әкесі мен шешесі. Майдан даласынан келетін үшбұрыш хаттарға елендейтін. Жараланып оралған жауынгерлерден сұрайтын. Тіпті, Еділдетіп Оралмен қайтқан қаздың қанатынан соққан лебіне де, Сарыарқаның самал желіне де елендейтін. Тас қаранғы түнде шер тұнған шикылдақ босаға сықыр етіп есік қозғалса, бастарын жастықтан жұлып алатын, құлыным келіп қалды ма деп. Бірақ ажал оғынан опат болған адам келуші ме еді? Келген жоқ.

— Кешегі кеңес заманында төре тұқымынан екенімізді айта алмадық. Айтқызады. Айтқызабаған сол дәуірдегі саясаттың салқыны. Ал бүгінде еліміз егемендік алып, азат, бостан күй кешкенде ата тегіміз туралы ауыз толтырып айтуымызға әбден мүмкіндік бар. Абылайдан бері таратсам, ата шежіресі былайша өрілер еді: Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім. Біз сол Шыңғыстан тарайтын ұрпақпыз. Бұл арада шатастырып алмау үшін аражігін ажыратып айта кету керек. Шыңғыс деп отырғанның көдімгі Шоқаның әкесі Шыңғыс емес, аттасы. Шыңғыстан Оңтай, одан Жанбөбек, одан Мұқитан туады. Ал Мұқитан атамыздың Пішембай, Кішібай деген екі ұлы болған. Біз Кішібайдан туғанбыз, — дейді Сансызбай Мұқитанов.

Қажыбаевтар арнайы төбеге көтеріліп аралағанда, жартылай жерге көмілген, ортасынан бөлінген зират тасын көрсе керек. Қаншама уақыт жатқанның кейін тастың бетін мұқ пен қына басыпты. Кейін ол тас Көкшетау қаласына жеткізілді. Тастағы жазуды қазқтың үлкен оқымыстыларының бірі — Сейтен Сауытбеков оқып, анықтаған. Онда былай деп жазылыпты: «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед оның елшісі, әрбір жан өлім дәміне татады. Құпия Ұлы да Ұлағатты Алладан, сыпайылық та Алла тағаладан. Қазақшасы: 1782 жылы өз иктыярымен, ел-жұртымен, Русия мемлекеті патшасының қарары /мен/ Орта жүздің ханы /сайланған/ Уәли хан Абылай хан ұлы 1738 жылы туып, 1820 жылы фәниден бақиға көшті. 86 жасында. Жазу қырғыз-қазақ сұлтаны Сұлтан-Ғазы Уәли хан /ұрпағы/ /бұйрығымен/ жазылды».

Сансызбай аға қанша ықыласты болса да, жалғыз өзі зәулім кесене тұрғыза алмас еді. Арада біраз уақыт өткен, бірде жазушы Естай аға қаттырақ айтса керек:

— Шырағым Сансызбай, арғы атаң Абылай көрген тұс шындық екен ғой?!

Әлгі сөз Сансызбай Кішібайұлының шымбайына қатты батады. Өйткені бар Алаш баласы білетін тұс жоруында ханның соңғы ұрпағы бақа-шаян, күрт-құмырсқа болып кетпей ме?.. Жазушының астарлы сөзі шымбайына қатты батқан соң білек сыбана кіріскен.

Сөйтіп орта жүздің соңғы ханы Уәли Абылай хан ұлының мәңгілік дамылдаған орны, жер бесігі табылды. Көкшетаудың бас көтерер бір топ азаматтары Сансызбай Мұқитанов бас болып, күмбезін күн сүйген айшықты мазар тұрғызды. Аруақ разы болуы үшін. Кейінгіге белгі. Ұрпаққа аманат. Қалай болған күнде де қасиетті хан аруағы есімін қастерлейтін қалың қазағына разы!

ДАРАБОЗ

«Білім – білікті елдің болашағы» десек, соңғы жылдары білім саласына көп көңіл бөліне бастады. Әсіресе, оқушылардың әлемдік олимпиадасы арқылы еліміз бүкіл дүние жүзі танылып жатыр. Жас өрендеріміз әлемдік додаларда топ жарып, жүлделі орындардан көрінуде. Осындай дарынды оқушының бірі Орынғұл Арыстан жуырда менталды арифметикадан әлемдік рекордты жаңартты.

Он бір жасар жеткіншек



айында Малайзияда өткен халықаралық олимпиадада 1-орын иелендім. Биылғы жарыста жүлдегер қатарынан көріну мен үшін үлкен мәртебе. Маған арифметика – ойша есептеу ұнайды. Олимпиада барысында шетелден көптеген дос таптым. Осыған дейін халықаралық жарыстарға қатысып

Есепке жүйрік қыз

Санкт-Петербург қаласында өткен байқауда 26 минут 26 секундта 30 мың есепті шығарды. Орынғұл Ақтаудағы № 17 мектептің 6-сыныбында оқиды. Ол

жүрген қатарластарымды кездестірдім. Қатысқаным 2 жыл ғана болса да, біраз жетістікке жеттім. Ал жетістікке жетуіме білім мен қолдау беретін ұстаздарыма рахмет айтамын», — деді.

Азия рекорд кітабы және Әлемдік рекорд кітабы өкілдерінің шешімі бойынша, осы жарыста тарихта алғаш рет ұзақ математикалық есеп шығарылған. Орнатылған рекорд арнайы WORLD BOOK RECORDS (WBR) кітабына енгізілді. Оқушының ұстазы Қарлығаш Әбдірайымова бізге «Орынғұл осы жарысқа қатысу арқылы ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, дарынын әлемдік деңгейде дәлелдеді.

оқушылар арасында «есепке жүйрік» қыз атанып кеткен. 1 минутта 25-30 есепке дейін ойша шығара алады. Жуырда ол Санкт-Петербургта менталды арифметикадан өткен чемпионатта осындай шапшаңдығымен тандай қақтырды. 120 мемлекеттен келген 150 қыз арасында үздік шығып, жеңімпаз атанды. Дарабоз қыз бұған дейін де бірнеше жарыста жүлделі орынды иеленіпті. 2017 жылы қалалық және республикалық олимпиадада 1 орынды жеңіп алған. Ол «Быттыр желтоқсан

Макпал НОҒАЙБАЕВА

ТӨНЖАРАҒА

«Күш атасын танымас» деген мәтел бар. Семейде 18 жастағы студент қыз 40 келі қойды 22 минутта 111 рет көтеріп, жұртты қайран қалдырған.

Қарулы қыз Айым Нұржанова Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетте оқиды. Білекті ару анасына тосын-сый жасағысы келіпті. Ол «Біз үйде 5 қызбыз. Анам 27 қыркүйек отбасымыз 25 жыл күткен ұл баланы дүниеге әкелді. Сондықтан мен анама қалжа ретінде қой ұтып алып, тарту еткім келді», — дейді.

Жарысқа 14 адам қатысқан. Бірінші орынды 185 рет көтерген Марат Оразбаев алса, үшінші орынды 170 рет көтерген Әлихан Арғынбек есімді жігітке беріпті. Айымның кілең ер-жігіттермен бірге долаға түскенін ескерген төрешілер оған екінші орынды лайық көрген. Айым зілтемір

Қалжа үшін қой көтерді



көтерумен айналысады. Қазақ топырағында Айым сияқты қарулы қыздардың, алып аналардың образы көп кездеседі. Мәселен, Балуан Шолақтың анасы құйға батқан өгізді мүйізінен тартып жұлып алған дерек жиі айтылады ел арасында.

ТОСЫН КАДР

Жас фотожурналист Досжан Балабекұлы түсірген «Шатқалдағы қасқыр» деп аталатын мына көркем кадр фотографтар үшін көп кездесе бермейтін тосын сәттің бірі.



Қасқыр шөлдегенде

Автор бұл суретті Есік шатқалында түсіріпті. Сол маңдағы қорықшының айтуынша, көкбөрі жан баласына тимейтін көрінеді. Үйге жақындамайды, малға шаппайды.

АСҒАНА ҚАЗАНЫНА

Кең-байтақ қазақ даласында салт-дәстүрлердің қызықты түрлері көп. Бірақ олар бір-бірінен онша алшақ емес. Соның бірі – «Бізшаншар».

«Бізшаншар» дәстүрін білеміз бе?



Еліміздің шығыс, оңтүстік жақтарында «жаушы» орнына осы «Бізшаншар» салты қолданылады. Ақсақал – қарасақалы аралас бір топ ер-азамат бойжеткен қызы бар үйге түсе қалады. Қандай шаруамен жүргенін айтпайды, ел шаруасын, амандық білген болып, қонақасын ішіп аттанып кетеді. Әлеп бойынша ел ішінде бір топ адам бұлай жүрмейді. Олар кеткеннен кейін отағасы мен анасы қонақтар отырған жерді қарап, одан шаншулы бізді тауып алады. Бұл «бізде ұл, сізде қыз бар» құда болайық дегенді білдіреді.

ult.kz

Kolsay

Republic of Kazakhstan

ok, Kazakhstan!

POSTCARD KZ

Көлсай – Солтүстік Тянь-Шаньның інжу-маржаны

Талғат ӘШИМОВ – кәсіби фотосуретші

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы
(8 702 799 79 23)Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)Лина АЙДЫН — Алматы облысы
(8 707 666 16 03)Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.noҰлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВБас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Талсырыс — №2133;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.